



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

Айлық журнал

№ 28 (28) 28.02.2018

Ежемесячный журнал





Қазақтың жүргі токтамасын, онердің жүргі токтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтірін алған казақ ел болып онбайды, елінен айнып қалған жүрек - жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүрегіміз токтамасын!

Әшірбек Сығай

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сыгай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.Қ. – Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. – Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р.К. – Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н.Р. – өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Юсупова А.К. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Асылбекова А.М. – өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Ескендиров Н.Р. - PhD докторы

Редакция мүшелері:

Журналға жауапты: Кадыралиева А.О.

Бас редактор: Бақытбек Рухия

Дизайнер: Токтар Жетпісбай

Редакцияның мекен-жайы:

Байланыс телефоны: 87074825011


Редакцияның басылым бөлімі

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru




Ұстазсыз дүние бос елес	5
Біздің Ұстаз	7
Музыка Газизы Жубановой в современном культурном пространстве Казахстана	8
Бөлек	9
Жусан иісі	10
КазНУИ – будущее Казахстанской анимации	13
Атам сюрприз жасады.....	15
На сегодняшний день, я считаю, кафедра музыковедения очень сильная	19
Алғысым-әнім	21
Үрпақтар сабактастыры әлеуметтік мәселе ретінде	22
Таңғы ой.....	26
Ұлы даланың ұланымын	27
Әкеден баланың ойы неге езге?	28
ЖАСАМПАЗ ЖОБАНЫҢ ЖАРҚЫН КАДАМДАРЫ	33
Кітап кімге керек	34
«Ұшқын» студенттік фильмдер фестивалі.....	35
В Астане завершился Первый фестиваль студенческого кино «Ұшқын» (Искра), 22- 24 февраля 2018 г. КазНУИ Предлагаем Вашему вниманию полный список победителей.....	38
«Ес-аймақта» елге танымал артисттер.....	39
Өзгеріс.....	40



**Істі бітірем
деушілер
көп,
бітіретіндер
аз**

2-бет



**Балалар
спілкеттіндегі
«брэнд» дүни
жасаудың қалыпт**

16-бет



Лондон

32-бет

Істі бітірем деушілер көп, бітіретіндер аз

Қазақстанның халық артисі, профессор
Тілектес Мейрамов 70 жаста

- Тілектес аға, сөзіміздің сіздің актер Тілектес Мейрамов болып қалыптасуыңызда тер төккен өнегелі ұстаздарының жайлы әңгімен бастасақ...

- Менің өнер жолына келуіме өзімнің әнге деген құштарлығым үлкен себеп болды. Әншілікке байланысты алғашқы ұстазым өзімнің аяулы анамды айтар едім. Әкем түздің адамы болатын. Қыстың қакаған аязды күндерінде фермалардың жұмысын тексеруге жолға шығып, аяз басылғанша алғалап бөлімшелердің шаруаларымен айналысатын. Сол кездердегі анам екеуміздің жалғыз ермегіміз пештің түбіне жатып алып, ән айту болатын. Есейген шағымда зоовет институтына қабылданып, оқуымды аяқтамастан құжаттарымды алып кеттім. Одан кейін де, политехникалық институтка түсін тұрып, одан да кетіп қалдым. Қыскасы, ешкімнің айтқанына көнбекен бозбала Тілектес Театр және Көркемсурет институтының театр факультетіне (бүтінгі Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына) түсуге тәуекел етеді. Қазақ театрын кәсіби деңгейге көтерген режиссер, бүтінде еліміздің талай театр кайраткерлерінің ұстазы болған Аскар Токпановтың біздерге берген тәлім-тәрбиесі ете зор. Тарих, әдебиет жайында өрбіткен әңгімелері әлі күнгे дейін азық болып келеді. Сабакты тоқтатып койып, домбырамен ән салып, арасында рөл ойнап, кейде көңілі босап қалатын кездері де естен кетер емес. Осындай мықты майталманның колында екі жыл тәрбиелендік, кейін бізге Халық артисі Шолпан Жандарбекова ұстаздық етті. Сахна тілінен сабак берген актриса Раушан Әуезбаева апайымыздан да алған өнегеміз аз емес. Театрга келгенімде, казақ театрының алғашқы қарлығыштарының өкшесін басқан каншама ақының өнерпаздардан ете көп нәрсе үйрендім.

- Әзіrbайжан Мәдиұлы сіздің алған рет сахнаға шығарыныңда сахна сыртына барып, жүргегініздің дүрсілін тыңдалап, өмірлік ұстаным болатындағы бір сөз айтқан екен. Осы жайлы кенірек тоқталсаныз.

- F.Мұсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасы бойынша қойылған спектакліндегі менің серікестерімнің барлығы сол кездегі театрдың қаймағы, мықты-мықты актерлер болатын. Біз сол уақыттарда қойылымдарға ұзак дайындалатынбыз. Арасында гастрольдік сапарларға бару да жоспардан түспейтін. Мен өзіне жерлес деп жақын тартып жүретін Қарағандылық Халық артисі Мұлік Сұртібаев ағамыз болған. Кезінде бұл кісі Қозы, Төлеген сиякты рөлдерді көп ойнаган. Спектакль басталар алдында грим салатын жігітке ақыл-кеңесін бере отырып салғызды. Ол кезде жарнама дегенің жоқтың қасы. Теледидар, радио арқылы шулататын кезең емес еді. Қойылымның басталуына бір жарым сағат қалғанда «Ойбай, мына жақта кісі деген қаптап тұр. Есікке ие болатын адам жок» деген шу шықты. Көрермендерді ұстап тұру үшін милиция шакыртылды, шығарманың авторы F.Мұсіреповті кызметтік есіктен кіргізді. Спектакль басталар сәтте катты қобалжып, сахнаның сыртында бір қаранды жерде жүргенмін. Қайдан көріп қойғанын білмеймін, Әзекең қасыма келін, жүргегінің тұсын ұстап тұрып: «Волнуешься? деп, бетіме қарал тұрды, мен басымды изеп «иә» дедім, ол «это хорошее качество, сохрани его» деген бір ауыз сөзі осы күнгे дейін жадымда сакталып, жастық шағымның өшпестей ізі болып кала берді. Одан кейін де, біраз ескертпелерін айтып жүретін. Біз ол жағынан бақыттымыз. Себебі, әрқайсымыз осындай ғұлама адамдардың ақылын тыңдай жүріп, бір-бір классикалық рөл ойнап қалдық.

- Жаныңызға жақын рөлінің жайлы айтып кетсөніз.
- Жастайымнан талай рөлдерді ойнадым. Бірақ жаныма жақыны Чеховтың «Шағаласындағы» Сориннің рөлі, тізесі ауыратын науқас адам. Өзінің трагедиясы бар кейіпкер. Бұл рөлді шығаруымда сыртқы детальдарды ойластырып, аяғының аксактығын көрсету үшін, тіземнің артқы жағына тақтайша



байлап тастайтынын. Актер аяғының аксак екенін ойламауы тиіс. Егер соған алаңдап тұрса, ішкі жандуниең шынайы жеткізе алмай қалады. Мен режиссердің айтқанынан шықпай, сол кісінің қойған талаптарын орындауға тырысатын актермін. Себебі, режиссер спектакльдің жалпы құрылымын көреді, ал мен өзімді сол қойылымның түпкі ойын ашуға негізделген бөлшегі ретінде кабылдаймын. Дайындық кезінде режиссер Болат Атабаев маған мүлде назар аударған емес. Не істесем де риза. «Мен бір бағытқа тоқтап, сол арқылы жұмыс істейін, айтсаңшы кайсысы дұрыс?» деп сұрасам, ол «осы бағытта ары қарай жұмыс істей бер» деп коя салатын. Біраз сөзімді кыскартып тастанды. «Мына сөздерді неге кыскарттың? Одан да үлкен геройлардың құлаш-құлаш монологтарын кыскартсаңшы»- десем, «Жоқ, сенің рөлің сөзсіз де тамаша шығып жатыр» дегені бар. Қыскасы, бұл рөлдің маған кымбаттылығы, басынан аяғына дейін өзім жасап шықканымда.

- Сіз кезінде Е.Мұсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрын басқардыңыз. Сол кезде театр шығармашылығын арттыруда қандай енбек еттіңіз?

- Сол кездің министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед Абрагамұлының алдына барып біраз әңгіме айтылғаннан кейін, «Сіз не Әуезов не Мұсірепов театрына басшылыққа үзілді-кесілді барасыз» деді. F.Мұсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына баруды үйғардым. Барғанымда, әуелі гимараттың күрделі жөндеуімен айналыстым. Бұл оңай жұмыс емес еді. Бұл шаруада мәдениет министрлігінің улкен көмегі тиdi. Оған коса, театрдың фойесі мен залдың ішін жөндеуде, сол уақыттағы қала әкімі Иманғали Тасағамбетов кол ұшын созып, енерге деген көңілінің бей-жай еместігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ең бастысы театрдың шығармашылық жағына көбірек көңіл бөліп, қолымнан келгеніне жұмыс жасап, репертуарына біраз өзгерістер енгіздім. Бірден 22 спектакльді алып таstadtым. Оның ішінде жастар театрының репертуарына сай емес, кейбір актерлік ойындардан, режиссурадан, декорациядан біраз олқылықтары бар спектакльдерді түсіріп тастал, олардың орнын баска қойылымдармен толықтырдык. Осының арқасында 5-6 жылдың ішінде үш бас жүлдені женіп алдық. Эрине, әділетсіз аяқталған өнер додалары да болды. Айталық, Қазан қаласында өткен Халықаралық театр фестиваліне Иран Файыптың «Қорқыттың көрі» атты шығармасын апарған едік. Ертесіне маралаттау кезінде бас жүлдеге жарты қадам калғанда аяқ астынан саясат араласып кетіп, жулде Қырымнан келген театрға бұйырып кетті. Башқұрт театр сыншысы мені көріп калып, «Сіз бе, жастар театрының басшысы? деді. «Иә» дедім. Есінізде болсын, саясат араласқан жерде өнер тумайды. Мактағаным емес, мен сіздің театрыңыз үшін соңына дейін тұрдым, бірақ амал қанша? Саясат араласып кетіп, бас жүлдені басқалар алды. Мен соған наразы болып кетіп бара жатырмын» деді. Кейін Орал қаласында Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған фестивальде бас жүлдені «Исатай-Махамбет» спектаклімен женіп алдық. Қекшетауда өткен фестивальдің бас жүлдесі де Абылай хан бабамыздың жастық шағына арналған спектаклімізге бұйырды. Міне, осындай есте қаларлық қызыққа да шылжыққа толы күндеріміз отіп жатты. Кейбіреулері мені басшылыққа ұмтылды деп ойлап калуы мүмкін. Бірақ мен ешқашан басшы боламын деп армандаған адам емеспін. Бұл қарашанырактың ұжымына алғаш жиналас жасағанымда, «Қолымнан келгеніне жұмыс істеймін, келмей бара жатса, кетемін. Жоғары жактан біреуді тағайында, ойланбастан сол күні-ақ босатып беремін» деп айттыйм. Солай болды да. Бірақ, казір мениң сол театрдың тарихында болмагандай ұмыт қалуым көңіліме тиетіні рас.

- Қазір Құанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық казақ-музыкалық драма театрында жұмыс жасап жүрсіз. Театрыныңдағы режиссерлер мен актерлердің ізденісі жайлы айта кетсөніз. Жалпы репертуарға көнілініз тола ма?

- Бұл театрдың репертуарында біраз ізденіс барын айта аламын. Соңғы қойған спектакльдерден М.Әуезовтің «Қорғансыздың күнін» ерекше атап өтер едім. Материал, режиссерлік жұмыс пен актерлік шеберлігі бүгінгі күнге сай, казіргі көрерменнің қабылдауына ыңғайланып қойылған спектакль. Кезінде Қаллеки театрының жағдайы өзге театрлардан биік тұрғанын талай адамдардың аузынан естідім. Мен де сол пікірлерге қосыламын. 20 жыл бұрын Әзекенің қойған «Қозы Қөрпеш-Баян сұлуы», «Қарагөзі», «Қан мен тері», «Ваня ағайы» сынды жұмыстары аудыз толтырып айтуға тұрарлық керемет дүниелер еді, шіркін! Алайда, Ә.Молдабековтың Жантығы, Войницкий А.Әшімовтың Қодары, ІІ.Ногайбаевтың Қарабайы секілді халық ықыласына бөлөнген кесек-кесек образдар галереясы кайта жаңғырмай жатқанына кейде іштей наразы болатыным рас. Қазіргі таңда актерлер мен режиссерлерге «ах» деп бір танқаларлық құбылыстың жетіспеушілігін де айта кеткім келеді. Ол үшін режиссер шешімі, сахна безендірілуі, музыка, актер ойыны іспеттес ұғымдардың бір жерден тоғысу процесі белен алуды тиіс. Жалпы әр қазак театрының репертуарында қазақ классикасының болғаны абзал. Эрине, кейбір режиссерлер күрделі классикаларды қоюда үлттых бояуын жоғалтып алмастай жаңаша ойлармен шешім шығару жолында аксал жататындары



жасырын емес.

- **Бұғінгі күнде ұлағатты Ұстазсыз. Сіз де кезінде студент болдыңыз, өзініздін заманыңызыдағы студенттер мен бұғінгі күннің студенттерінің арасынан қандай айырмайлық байқайсыз?**

- Біздің арамызда да оқымайтындар болды. Мұхтар Шахановша айтатын болсак «сақалын күнге ағартқандар» бар. Бірақ, ұстаздар оларды тазалап отыратын, ауырдың үстімен жүргісі келетіндерді жіберіп отырды. Сахна – деген жаңкештілікті ұнагады. Егер еңбеккорлық, табандылық, жауапкершілік деген қасиеттерден ада болса, одан шынайы өнер туады деп ойламаймын. Эрине, ізденетін студенттер бар, дегенмен бос жүретін жастардың легі аз емес. Сосын біз студент кезімізде анғалдау, сенгіштеу болдық па, әйтеуір әр нәрсеге балалықпен қарайтынбыз. Ал, қазіргі студенттерді танқалдыру киын. Олардың білімділікке, сауаттылыққа бет бүрудан گері, бұғінгі алдамышы дүниелерге көбірек қызығатындары мені қатты алаңдатады. Мен әр сабактың басында кіслік қасиетке тән әдел белгілерін айтып отырамын. Бойларына сіңіруге тырысамын. Ең бастысы адами құндылықтарымызды жоғалтып алмауымыз керек.

- **Дұрыс айтасыз. Тілекtes аға, бныл жетпіс жасқа толып отырсыз. Осы күнге дейін қазак өнеріне не бере алдым деп ойлайсыз?**

- Жазушы-драматург Экім Таразидің айтканы бар: «Сен өз мүмкіндігінің үштен бір бөлігін ғана жұмсаған актерсін» деген. Осы сөз үнемі алдымнан жаңғырып шыға береді. Мен онаша калғанымда ойша көп нәрсе жасаймын, біраз рөлдерді де ойнап тастанымын. Арасында аудармамен де айналысып, біраз инсценировкалар да жасадым. Әжептәуір әншілік өнерім де бар еді, ол да жайына қалды. Бір ғана мысал айтайын, марқұм айттыскер ақын Ерік Аскарұлы Әзекенән режиссерлікті бітіріп, «Арманымның ак құсы» деген грузин пьесасын дипломдық жұмысы ретінде өзі аударып сахналады. Бұл спектакльге біз де, Жұмагұл апайын, өзінің жұбайы актриса Бакыт Жанғалиева, актер Төлеубек Аралбаев бәріміз қатыстык. Ол кездері жастық шактың нағыз қызып тұрган кезі еді. Еш шаршап-шалдығуды білмейтін біз, жұмыстан кейін

калып, өзімізше дайындалатынбыз. Сонда Рабиға Қаныбаева талқылау кезінде айтыпты дейді: «Мына Ерік Аскаровқа бес кою керек. Өйткені ол Мейрамовты характерлі актер ретінде ашты» деді. Бұған дейін мен тек лирикалық кейіпкерлерді ойнал жүрдім. Ал бұл шағын ғана көршінің рөлі болғанымен, ете мінезді кейіпкер болды. Осындай жақтарымды көбісі біле бермейтін. Мысалы мен режиссураға да барғым келеді, бірак көп кедергілірге үрина берген сон, коя койдым. Осындай мұмкіндіктерімнің ашылмай қалғаны мінезімнің тым түйіктау болғанынан шығар, сірә. Осы түйік мінезімнің кесірінен жеті жыл бойы рөлсіз жүрген кезім болды. Сонда да үндемедім. Өзім үшін моноспектакльдерді жасадым. Мысалы ең алғаш жұмысым Р.Сейсенбаевтің «Майдан әндері» моноспектаклі еді. Әуел материалы ұнады, сонымен катар ән айту керек болды. Сол кезге дейін театрда он жеті жыл бойы менің ән айтатынымды ешкім білген емес. Сол спектакльден кейін Әзекен маган: «Ты идиот, оказывается поешь? Надо же» деп басын шайқап риза болғаны бар. «Тыраулап ұшқан тырналар» спектаклінде де ән айтқанымда бәрі таң қалды. Себебі, бұл әндердің барлығы менің қанымда, біз соларды тыңдал жестік. Кезінде «Ақан сері-Актокты», «Ақылдың азабы», «Гамлет» осы үш спектакльді біріктірін бір моноспектакль жасағам. Өйткені, менің ұғымымда бұл шығармалар бір-бірімен сабактас. Бұл жұмыстың шығуна түрткі болған талантты актер Әнуар Молдабеков болатын. Екеуміз бірге отырған кезде: «Ақан сері – Гамлет кой, шіркін» деп айтқаны бар еді. Спектакльде Гамлеттің монологын ағылшынша оқып, Чадскийдің рөлін орысша ойнадым. Ағылшынша бір сөз де білмеймін. Жаттау қыын болды. Арнайы шет тілдер институтының мамандарына жолығып, олар маған ағылшынның ең атақты актерінің Гамлетті орындаудың рөлі жазылған таспа берді. Студенттерге тілдің дұрыс айтылуын осы арқылы үретеміз деді. Өзімше плеерге жазып алып, тыңдал жүрдім. Мағынасын түсінбесем де, рөлге деген кызыгуышыым менің сөздерді жаттал алуыма себеп болды. Сөйтіп ойнал шықтым. Кейбіреулері неге пьеса жазбайсыз дейді. Иштен тумағаннан кейін, техникалық түрде төзірек жазсам деген ниетпен кірісу тағы болмайды. Бұл менің Әкім ағаның сөзіне қосылып отырған түрім фой. Әлі де адам үмітін үзбейді.

- Уақыт зымырап өтіп жатыр. Көп нәрсеге қолымыз жетпей, ұлгермейтін тұстарымыз жиі болып тұрады. Сіздің де көкейінізде орындалмай қалған армандарының бар ма? Пенде болған сон, әр адамның өз эттеген-айы болады ғой...

- Менің негізгі мамандығым актерлік кой. Жастайымнан белгілі бір рөлді ойнасам деген арман болған жок. Себебі, жауапкершілігінен корқатынмын. Мысалы, мен Абай атамыздың әруағынан жасқанамын. Сондықтан, актер ретінде көбірек ізденіп, рөлімді барынша нағымды шығаруға тырыстым. Мінезімнің түйіктығы талай жерде кедергі болып жүр. Мысалы, режиссура ойлаймын. Бұл арман да, максат та емес, тек осы салада өзінді сынап керудің жолы ғой. Мүмкін оның да келетін уақыты болар. Дегенмен, моноспектакльдерім ойналып жатыр. Пьесаға режиссердің көзімен карау әркімнің бойына беріле бермейтін ұлы қасиет. Мысалы «Исатай-Махамбет» пьесасын алғаш оқығанымда әуелі қабылдай алмадым. Ж.Хаджиевке: «Мынаны қайтіп қоясың? Кейіпкеріңің өзі 44 тен асады» деп сенімсіздік білдіргенім рас. Қалай болғанда да койды, керемет спектакль болып шықты. Міне, еңбек. Әрине, жатып алып көп нәрсе армандауға болады. Ал, сенің қолынан келуі, келмеуі екі талай. Сондықтан мен орындалмайтын нәрсені ешқашан армандамаймын. Кезінде М.Әуезов театрында жұмыс істеймін деп те ойламағанмын, бұны маңдайыма жазылған бақ деп білемін.

- Өмірлік ұстанымының...

- Экем жиі айтатын «Қайда барсан да «әй кәпір» дегізбе» деген сөзінде үлкен мағына жатыр деп ойлаймын. Біз кәпір деп арамза, ку, топас, өтірікші, екіжүзділерді айтамыз. Міне, осы бір ауыз сөз өмірлік ұстанымға айналып кетті. Шәкірттеріме де үнемі айтатыным: «Актер болу, болмау өз еркін, адам болу міндеттің» деп. Сенің қандай адам екенінді сахнадан бәрі көрініп тұрады. Сахнада жанынды аямай, барынша беріліп ойна, жанынды таза ұста деген секілді сөздерді әржолы айтып отыратыным бар.

- Тілекtes аға, риясyz әнгіменізге үлкен раҳмет! Алдағы уақытта алар асуларының көп болып, қазақ театр онерін бұдан да биік деңгейге көтеретін алғыр инәкірттеріңіз көбейе бергей! Біз де соған күә болып жүре берейік!





Ұстазсыз дүние бос елес

Каркаралыңдай тауы мен Нұра өзені бар Арқа өнірінде, акпанның аязында ағайынды екі жігіт ұлды болып, бірі Аттар койса, екіншісі соған тілекtes болсын деп Тілекtes аталыпты. Мәди, Құләш, Сәкендердің бойына сіңген өнер бала Тілекtestі де айналып өтпелі. Бала кезінен мектептегі көркемнәрпаздар үйрмесіне белсене қатысып: «Шіркін, менде киелі сахнада өнер көрсетсем ғой» деп армандайды. Эрине, ол арманы бірден жүзеге аса қоймаса да, табандылықтың арқасында көздеген мақсатына жетеді. 1967 жылы қазактың тұнғыш кәсіби режиссері, профессор А.Токпанов «драма актері» мамандығынан курс кабылдан жатыр дегенді естіген бетте ұлы ұстаздың алдына барып, емтиханнан сүрінбей өтеді.

Талантты да алғыр студент алғашкы құндерінде-ак А.Токпанов пен Ш.Жандарбековың қозіне түсіп үлгереді. Студенттік өмірі кезегімен өтіп жүрген кездे КСРО халық артисі, ұстазы Ш.Жандарбекова З курста оқып жатқан Тілекtestі

М.Әуезов атындағы академиялық қазак драма театрына «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» спектаклінің кастингіне өртіп келеді. Жол бойы ұстазы: «Уайымдама, сенін қолыңнан бәрі келеді, саған сенемін» деп канаттандырады. Сахна сыртында батылы жетпей түрган Тілекtestі көрген КР халық артисі Ә.Молдабеков өткір сөздерімен жігерлендіріп сахнага шығарады. Кіл мықтылардан құралған көркемдік көңес алдында барын салып кесілген актерге риза болған олар, басты кейіпкер Қозыға бірден бекітеді.

Осылайша, небәрі З курста үлкен театрға кабылданып, қазак театр өнерінің корифейлері: С.Қожамқұлов, Қ.Бадыров, Ш.Мусин, С.Майқанова, Х.Бекеева, Ш.Жандарбекова, Ы.Ногайбаев, З.Шәріпов, Ф.Шәріпов, С.Оразбаев, А.Әшімов және тағы басқа дарынды сахнагерлермен ишкі тіресе жұмыс істеп, алдыңғы буын аға-апаларынан көп нәрсөні үйреніп, еңбеккорлығымен қазак режиссурасының барометрі Әзіrbайжан Мәмбетовтің зор ілтипатына да бөленеді. Бірде repetitия кезінде театрға жаңадан кабылданған жас Тілекtestі актерлерге үлгі өтіп көрсетті. Қазак өнерінің талай карлығаштарын қанағтандырған академиялық театр Тілекtes Мейрамовтың да бағын ашты. Бұл театрда қызмет жасаған 30 жыл ішінде Ф.Мұсіреповтің «Қозы Қөрпеш-Баян сұлуындағы» Қозы, Карабай, Жантық, «Акан Сері-Актоктысындағы» Акан, А.Жағановының «Беймаза әйеліндегі» Еркін, Н.Әбутәлиевтің «Өттің дүниесіндегі» Жәңгір хан, Иран-Файыптың «Шыңғысханындағы» Шыңғысхан сияқты басқа да кесекті бейнелерді сомдап көрерменнің ыстық ықыласына бөленеді.

2001 жылы F.Мұсірепов атындағы академиялық қазак балалар мен жасөспірмдер театрының директоры әрі көркемдік жетекшісі қызметінегінде жүрген. Тілекtes Уахитұлының бүлтеатрга басшы болып келгенде театрдың халі мүшкіл еді. Көп жылдан бері жөндеу көрмеген театр, Тілекtes Мейрамовтың жанайқайымен күрделі жөндеуден өтті. Фестиваль, гастроль дегенді мүлде ұмытқан театрға жан бітіріп, Республикалық, Халықаралық фестивальдерден топ жаруға данғыл жол ашты. Бүгінгі күнде Астанадағы Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік қазак музикалық драма театрына Әзіrbайжан Мәмбетовтің шакыртуымен келіп, мұндагы жас артистерге үлгі-өнеге болып жүр.

Жиырма бес жасынан М.Әуезов атындағы театр жаңындағы екі жылдық театр студиясында КСРО халық артисі С.Оразбаевпен бірге сабак берді. 1983 жылы ұстазы А.Токпановтың өтінішімен Театр және Қөркемсурет институтына оқытушы болып келді. Көп жылдық тәжірибесін токтатпай Астанадағы Қазак Үлттых өнер университетінде ұстаздық қызметін жағластырып келеді. «Өнерге енбегін сіңіріп жүрген өнер кайраткерлері өз арамызда да бар, соларды бағалай білейік. Қолдарың сәл босаса, рұхсат сұрап сабактарына қатысындар. Олардың бір күндік дәрістері мың қундеріңе азық болуы мүмкін» деп, жетекшім қадап айтқан соң, актер шеберлігі мен сахна тілінен беретін аға-апайлардың сабактарына кіріп, олардың дәрістерін тындал жүруді әдетіме айналдырғанмын. Тілекtes агадай ұстаздардан алған тәлімім өміріме септігін тигізіп жатса, ол мен үшін үлкен жетістік.

Отбасында адап жар, аяулы әке атанған Тілекtes Мейрамов бүгінде бакытты ата. 40 жылдан астам өмірін қазак өнеріне арнап келе жатқан Тілекtes Уахитұлының мемлекеттік тараҧынан сый-құрметтөн де кенде емес. 1982 жылы КР еңбек сіңірген артисі, 1996 жылы КР халық артисі, 2009 жылы «Құрмет» орденінің иегері болды. Қазак өнерінің майталманы, кешегі Серке, Елубай, Қапандардың сарқыты КР халық артисі Тілекtes Мейрамов өмірі мен өнері осылай өріле бермек. Жоғарыда айттып өткенімдей, Тілекtes ағаны көбінде аудиторияда таныдым. Мұғалім өзін қанша білімді санаса да үнемі ізденіп, замана ағысымен үзенгі қағыстырып, катар жүріп отыруға тиісті тұлға болса, мен білетін Тілекtes аға, осындаи тулаға. «Ұстаз жақсы болса, шәқірт оның дидарын көруге асығады» дейді, өз басым Тілекtes ағаны жиі іздеймін.

Бахтияр ТҰРСЫН
«Театртану» мамандығы 2 курс

Біздің Ұстаз

«Ұстазы мықтының ұстамы мықты» демекші, шәкіртінің шабысын шындалап, өнер жолын өнегелі ұстаз ретінде талай жыл атқарып келе жаткан, маңдайынан шықкан терінің жемісін көріп, өз ортасын куанышқа толтырып келе жаткан Қазақстанның халық артисі, Білім беру ісінің Үздігі, профессор Тілекtes Уахитұлы Мейрамов бүгіндегі



Данағұл тәмірсұлтанова, Бекжан Тұрыс, Меруерт Түсіпбаева, Кенес Нұрланов, Жұмағали Маханов, Фани Құлжанов, Нұркен Өтеуілов сыңды көптеген өнер иелері бар. Ұстазымыздың даңғыл жолын өзімізге өнеге етептырып, тәлім-тәрбиенің нәрімен сусындал, алдында шәкірт болу бақыты бізге де бұйырыпты. Ағайымыздың шәкіртерінен талап ететіні – тәртіп. Жүйеге бағынған тәртіп өнердің биік шынына жетелейді. Актердің кәсібілігі оның ізденімпаздылығы мен жүйелі тәртібі арқылы бағаланады. Осындай ерен еңбегінің аркасындағана киелі театр сахнасының төрінде қызмет етіп келеді. Қалың жүртшылыққа танытқан алғашкы рөлі F.Мұсіреповтің «Қозы Қөрпеш – Баян сұлуындағы» Қозының бейнесі. Бірде дәріс барысында студенттерінің етінішін жерге тастанмай, сол койылымнан үзіндісін сомдап берген болатын. Бұл көрініс арқылы өткен күнге деген сагынышының бар екенін байқауға болады. Қазіргі таңда Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық музикалық драма театрында «Абай» трагедиясындағы Абай бейнесін шәкіртімен бірге (Нұркен Өтеуілов) сомдап келеді. Актерлік өнерде өзіндік дауыс тәмбрімен ерекшеленетін Тілекtes Уахитұлын жетінің жылдық мерейтоймен шын жүректен күттүктаймыз! Ұлағатты Ұстазымызға ұзак ғұмыр, баянды бақыт, зор денсаулық тілейміз!

Айдана ЭБЕНОВА
«Драма театр актері» мамандығы 2 курс



Өнер атты әлемге тәй-тәйменен
қадам бастыым,
Көп нәрсеге көзім жетпей
уайымменен қорқып састьым.
Жігер беріп жаныма түзеу жолды
көрсеткен,
Үстазыма ризамын көзін ашқан
талај жастын.

Уайымдайды біздерге эр
қайсысы баласындей,
Киянаттан сақтайды көздерінің
қарасын дай.
Бөліп жармай барлығын да
байыппенен ақыл айтар,
Өз ісіне жауапты алқын-жұлдын
аласурмай.

Қабағынан қар жауады кемшіл
тұстар байқалса,
Үстел жиі сынып тұрар ашуы
іште жиналса.
Ен бастысы түсінеді іште жаткан
сырымызды,
Колдау беріп жұбатады біреу
егер киналса.

Күрмет тұтар өзіңізді үлкен кіші
құрдасы да,
Өзінізбен мақтанады осы өнер
ордасы да.
Екінші курс драма барлығымыз
бакыттымыз,
Себебі біз оқимыз Мейрамов
шеберханасында.

**Нұрсултан ЕГИЗБАЙ
«Драма театр актері»
мамандығы 2 курс**

Музыка Газизы Жубановой в современном культурном пространстве Казахстана



В декабре 2017 года в Казахстане исполнилось 90 лет со дня рождения Газизы Ахметовны Жубановой. Хотелось бы рассказать немного о том, как именно праздновалось это событие, связанное с именем Народной артистки СССР, выдающегося композитора, профессора, общественного деятеля.

Юбилейные концерты проводили все основные музыкальные центры Астаны: Казахский национальный университет искусств, Государственная академическая филармония акимата города Астаны, Государственный театр оперы и балета «Астана Опера» и Государственная концертная организация «Қазакконцерт». Примечательно, что многие концерты проходили в рамках программы «Рухани Жаңғыру» с целью сохранения, развития и популяризации историко-культурного наследия.

Так, с 31 марта по 2 апреля в стенах университета искусств прошел III международный конкурс фортепианной подготовки и композиции «Eurasia Piano Forum», приуроченный к юбилейному событию. Конкурс проводился среди учащихся музыкальных школ, школ искусств, музыкальных колледжей и вузов страны. Его особенность заключается в том, что участвовать в нем могут учащиеся и студенты, для которых фортепиано не является профильным предметом.

В положение конкурса «Eurasia Piano Forum» 2017 года в связи с юбилейной датой впервые была введена номинация «Композиторское творчество». Международная делегация членов жюри, в состав которой входил композитор Алиби Мамбетов (сын Газизы Жубановой), на протяжении нескольких дней слушала конкурсантов. По итогам конкурса были объявлены победители. Однако, как отметили члены жюри, среди участников не было ни победителей, ни проигравших.

Первый концерт, посвященный творчеству Газизы Жубановой, состоялся в столице 5 ноября в концертном зале «Астана». На вечере были сыграны камерные, симфонические и хоровые произведения Газизы Ахметовны. В исполнении филармонических коллективов – Струнного квартета, Симфонического оркестра и Камерного хора – прозвучали Струнный квартет № 1, Симфония № 3 «Сарыозерские метафоры», «Праздничная увертюра», хоровой цикл на слова А. Сарсенбаева, «Прощание» на слова М. Цветаевой и оратория «Песня Татьяны» на слова Абая. Исполненные произведения показали огромную эмоциональную палитру, свойственной музыке Газизы Жубановой: от раздумья, переживаний, повествовательности, некой напряженности, неизбежности отчаяния до праздника, живости, озорства и торжественной приподнятости.

30 ноября в органном зале КазНУИ состоялся концерт камерной музыки. В нем приняли участие Заслуженные деятели РК и лауреаты международных конкурсов: Нурлан Измаилов, Шахимардан Абилов, Орынбай Дүйсен, а также студенты класса профессора Д.А. Мамбетовой. Прозвучали произведения Ахмета Жубанова, Газизы Жубановой и Алиби Мамбетова. Одними из первых стали сольные вокальные номера из опер «Енлик и Кебек» и «Абай» Ахмета и Газизы Жубановых. Эти номера представили перед публикой как полноценные музыкально-сценические картины. Отмечу, что исполнители раскрыли весь смысл, мастерски заложенные авторами, и добились реалистичности образов.

Из камерно-инструментальной музыки в органном зале прозвучали произведения для фортепиано (Соната № 2), скрипки, флейты, также Струнный квартет № 1, музыка из балета «Легенда о белой птице» Г. Жубановой и Таджикские танцы для фортепиано А. Жубанова. Инструменталисты раскрыли всю красоту этой области музыки Газизы Ахметовны.

Следующий концерт прошел 2 декабря. Государственный камерный оркестр «Академия солистов» подготовил программу в концертном зале «Казахстан», где солистами выступили Алги Акбике (скрипка) и Карина Измаилова (фортепиано). Перед публикой выступили артисты-виртуозы, пленяющие слушательское воображение великолепным техническим и художественным совершенством игры. Концерты в исполнении Карины Измаиловой и Алги Акбике прозвучали очень проникновенно, так, что каждая нота показалась чрезвычайно значимой. Отмечу, что и оркестр дополнил это ощущение сдержаным звучанием. Финалы обоих произведений оказались настоящими музыкальными спектаклями солистов, захватывающее исполнение с невероятными мощью и бесстрашием характера.

11 декабря в Казахском национальном университете искусств зале имени Ф. Шопена состоялся концерт вокальной музыки Газизы Жубановой, в котором приняли участие студенты вуза кафедры «Вокальное искусство и дирижирование».

Итак, череда концертов, прошедших в честь юбилея Г. Жубановой, оказалась внушительной. Я могу лишь сказать одно: это празднование прошло с размахом, так как исполнялось огромное количество музыки Газизы Жубановой практически всех жанров: от прелюдий до симфонии, от романсов до оперных номеров. Приятно было наблюдать, что в таких мероприятиях рядом с ведущими артистами принимали участие молодые музыканты: юное поколение гордо несет знамя казахского искусства – бесценное наследие Газизы Жубановой.

Денислам ТУЛЬБАЕВ
«Музыковедение» 4 курс

Бөлек әлем

Біз бәріміз парламент депутаты бола аламыз, министр бола аламыз, тіпті республика приезиденті де бола аламыз. Бірак бәріміз бірдей өнер адамы бола алмаймыз. Сондыктан да өнер адамы біздің емес, біз өнер адамының қолын сүйеміз.

Мұстафа Кемал АТАТҮРІК

Бірде Пабло Пикассоға ең жакын досы өзінің портретін салып беруін сұраған екен. Оның келісімін алған досы Паблоның карсы алдында тұрған ескі диванга барып отырады да, қағаз бетіне қалаи бейнеленуі керек екенін енді ойланғанда, Пабло Пикассо «Мен аяктаудым!» деп орына тұрып кетіпті. Ал досы оның қалжызына ішек-сілесі қатқанша құліп, «Пабло, достым! Мен ұлы суретшімен дос болып жүрмін бе десем? Нағыз сиқыршымен жолдас екенмін гой! 5 минутта портрет салу ақылға сыйымсыз нәрсе емес пе?». Осы сөздерін естін тұрған Пабло Пикассо алдында тұрған ак парапты досына каратаады... Фажап! Шынымен де... Бұл паракка Пабло досының сәл ісінкіреп тұратын көзін, еш икемге келмейтін қайратты шашын, қайғыға берілгенде әжімдері айқындала түсетін бетін айнаңтай салып қойған екен. Сол бір кас қағым сәтті. Міне керемет! Бала кезден бірге өсken досының мына әрі таңдана, әрі әбіржіп қалған тұрысына қарап Пабло оның иығына қолын қойып «Eh достым, несіне таңданасың? Маған сенің портретінді салу үшін өзің айтканда 5 минуттың өзі көптік етеді. Себебі екеуміз ес жигалы бері біргеміз. Мен сенің өмір жолың мен адудынды мінезінді өзімнен артық менгергенмін. Ал бет-пішін, ол тек көрініс қана. Адамның жаны қандай болса тәні де солай болады...» деген екен. Айтыңызшы, егер де мен сізден «Сіздің ойыңызша әлемге әйгілі ең талантты суретші кім?» деп сұрап болсам, не деп жауап берер едіңіз? Иә, иә бірден Леонардо да Винчи дейсіз, солай ғой?! Бекер емес! Себебі, оның заманынан асып тұган өнер адамы екенін білесіз. Бірак Леонардо да Винчидің өзі қоғам алдында дәрменсіз күй кешкен бір кездері. Оның өнері үшін жасаған «адами құрбандықтарын» түсінбеді. Нактырақ айтсам түсінгілері келмеди... Жақындаған Роза Мұқанованың «Сен» пьесасында ұлылардың кай заманда болсын қоғам үшін қауіпті-мыс һәм есі дұрыс еместер қатарында болып келгеніне тағы да көзім жетті. Өкінішті-ак! «Сен» драмасын оки отырып мен де басты кейіпкер Сергей Иванович Калмыковты есі ауысқандар қатарына косып жібердім... Оның адам мына кіріп шықпайтын іс-эрекеттері кімді де болсын сондай ойға калдырады. Асты-үстіне түсіп, жағдайын жасап жүрген әйелді қеудесінен кері итеріп, «Мен сенің музат болайын, құлын болып өмір сүрсем де менің суретімді бір салышы!» деп жалбарынып тұрған сұлу әйелден жерініп тұрған Калмыковты шынымен де біртүрлі ме деп қаласың. Бірак ол да өзін өнері үшін құрбан етіп, адами қажеттіліктерден ада еткен. Адамилығын айттық кой, ал материалдық хәл-ахуалы оны сурет салуга бояуды өз дәретінен алуға дейін апарған... Әрі өзі ку тізесін құшактаған жалғыз, Халықаралық сурет көрмесіне баруга үстіне іліп алар лыпасы жок, бір рет болсын тойып ас ішпеген, өз картиналарында бейнелеп жүрген зәулім үйде тұрмаған бұл ҰЛЫ суретшінің сықпты осындаидай. Драматург Роза Мұқанова осы пьесасында шын өнерге берілген адамның қоғамнан шет калып, ол аздай үлкенге де, кішіге де мазақ болып келгенін көрсеткісі келген деп ойлаймын. Десек те Оболенская, Березовскийлердің образымен Калмыковты, яғни талант иесін қызғанатын үлкен тап өкілдері бар екенін көрсетіп тұрғандай.

Бұл жай ғана пьеса болғанымен баяғыдан бері талантты өнер адамдарын аяктан шалу бар екенін, әлі де бола беретінін астарлап жеткізген тамаша туынды. Шынын айту керек, шынайы талантты адам жай адамдарда шаруасы жок. Оның өзіндік бөлек өмірі бар! Таза әлемі бар!



Жусан иісі

Әдебиеттің сан түрлі жанрына қалам тербел, өз оқырманын тапкан көптеген шығармалардың авторы Сайын Мұратбеков есімі баршамызға аян. Шығармаларының шынайы оқигалар желісімен жазылуы, бейнелі сөз берілгенде суреттеуі басым жазушының туындыларын оқудан ләззат аласың. Әсіресе, «Жабайы алма», «Көкорай», «Жусан иісі», «Басында Ушқараның», «Кәмен тогай» әңгіме-повесттерінен автордың қолтаңбасы, өзіндік формасы ерекше байқалады. Әрбір сөйлемді оқыған сайын көз алдыңа кино секілді тізбектеліп жататын бұл шығармалар оқыған адамның көңіл түкініне біразға дейін үялары анық. Жазушы шығармашылығындағы өзгелерінен оқ бойы озық тұратын, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін оқығанда көңілі босап, жанары жасаурайтын «Жусан иісі» повесті. Шығарма әзіrbайжан, литва, араб, украин, белорус, грузин, армиян тілдеріне аударылған. Демек, шығармада казак халқының ғана емес, барша адамзат болмысының ортақ қырлары ашылған. Сол үшін де туынды өміршен, әдебиеттегі алар орны ерекше.



Казак прозасының таңдаулы туындыларының қатарына жататын бұл шығарма 2017 жылдың күз мезгілінде Ф.Мұсірепов атындағы мемлекеттік академиялық Балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанды. «Жусан иісі» деген такырыпта қойылған спектакльде екі шығармадан біртұтас дүние жасауға тырысқан. Яғни, С.Мұратбековтің оқигаларының өту кезеңі бойынша бір-біріне жалғасып жаткан «Жабайы алма» және «Жусан иісі» шығармаларынан ортақ сахналық нұсқа жасалған. Режиссері әрі инсценировка (сахналық нұсқа) авторы - Жұлдызбек Жұманбай. Жас режиссердің бұл шығарманы қолға алуы үлкен ізденістің нәтижесі деп білеміз. Кез-келген таланты бар режиссер сахнага лайықты шығармаларды жазбай танып, жансыз әдеби нұсқаны тірілтер күшке ие болуы керек. Демек, тек бірнеше пьесаны оқып алып, бар кінәні драматургияға арта салып ауызды құр шөппен сүртіп отыратын уақыт емес. Іздену, казак әдебиеті тарихының беттерін парактау кажет. Оның ешқандай жетістік келмек емес. Жаның қиналғанда ғана, рухани арпалысқа түскенінде ғана азабың ләззатка айналады. Осындағы талпыныстың арқасында Ж.Жұманбай бәріміздің ойымызда ғана жаңғырып жүрген бейнелерді көз алдымызға әкелді.

Бұл шығарманы сахналаудағы бірінші жетістік – Балалар мен Жасөспірімдер театрының репертуары өзіне қажетті тағы бір тандамалы спектакльмен толықты. Өзімізде барды ұлықтап алмай, келешекке қадам баса алмаймыз. Том-том болып шаң басып жаткан қазак әдебиетіндегі талай тамаша дүниелерді сахнага, экранға шығару міндет болып келеді. Осындағы жауапкершілігі мол дүниені қолға алған режиссер еңбегін бағалауымыз кажет. Режиссер Ж.Жұманбай: «Қазактың шығармасы қазак театрының сахнасында қойылуы керек емес пе?!», - дейді. Иә, алып қосарымыз жок. Ұлттық туындыларымыздың баға жетпес құндылығын алдымен өзіміз ұлттық театрларда сахналап көрсетуіміз кажет.

Спектакльдің екінші жетістігі ретінде балалар бейнесінің ашылуын айтуымызға болады. Әр кейіпкерін жатка білетін екі шығармадағы Қанат (М.Сәбитов) пен Аяннан (Р.Халық) бөлек Садық (Д.Мырзахмет), Есіkbай (Е.Жақсылық), Қосым (О.Сак), Сәмет (Е.Күншібаев), Бәтен (Ә.Үмбетбаев) және Әжібек (Шағуан Үмбетқалиев) бейнелері өте сәтті таңдалған. Екі туындыға ортақ балалар бейнелерін ашуда режиссердің жасалған үлкен еңбегі өз нәтижесін бергені анғарылады. Оларды ойын күшпі, қызығы басылмаған, ертегі тыңдалап, қауын ұрлап жүрген бейкүнә перштегер ретінде бергенімен шығарманы оқыған көрмермендер балалардың еңбекке ерте араласып, бала кездерінен ересек адамдарша салмақты ойланған бастағандарын біледі. Дегенмен, режиссер бір жақты түсініктеме бермей балалардың еңбек еткендерін дәлелдейтін әйелдердің жұмыс жасайтын егіс басына келіп өгізге отырып көмек көрсететін сахнасын қосканы ұтымды. Спектакльде балалар бейнесін сомдайтын актерлер екі құрамда

да өзгермейді. Актерлік ансамбльдегі өзара шығармашылық байланыстың беріктігі сондай балалар сахнасында ерекше атмосфера түзіледі.

Спектакльде баяндаушы автор әрі бала Қанат рөлінде - актер Максат Сәбит.

Қанат – сол замандағы киындықты жан-жүргімен сезінген, бірақ, камқорлықтан да тыскары жалмаған жартылай жетім балалардың жиынтық образы іспеттес. Әпкесін ашуландырып, жиі бұзықтық жасағанымен түсінігі жок бала емес, себебі, койылымдағы әрбір оқиға Қанаттың айтуымен баяндалып отыр. Демек, ол бәрін ойлады, түсінеді, сезеді. Оқырмандарға жаксы таныс бұл бейнені кескіндеуде М.Сәбит тағы бір қырынан ашылған. Театрдағы Тұзар (Қара шекпен), Көкек (Құстар фестивалі), Меркуцио (Бір сен үшін тудым) рөлдеріне қарағанда мұлдем өзге сарын, ерекшелік байкалды. Екі образ жүктелген актер өз кейіпкерінің ұсынылған тосын жағдайын жете түсінгені аңғарылады. Сонымен катар, М.Сәбитовтің дауыс ыргагының (тембрі) тазалығы сондай, койылым аяқталған соң да біразға дейін Қанаттың үні құлағынан кетпей қояды.

Қойылымдағы балалардан өзге кейіпкерлер екі құрамда ауысып отырады. Әр актердің өзіне тән ерекшелік, рөлге косар санаткерлік үлесі болғанымен кей тұстарда жетпей не асып жығылып жаткандары байкалды. Мәселен, Қанаттың әпкесі Нәзира рөлінде бірінші құрамдағы Н.Әблікясызы ойынына қарағанда Г.Байбосынова бейнесі сәтті сахналанды. Ұйм-ишарат, оқиғага деген көзқарасты білдіру (мәселен Токтардан кара қағаз келгенінен еститін сахна) әлсіздігінен Н.Әблікясызында рөлдің есу процесі бірқалыпты әрі баяу қалпында көрінді. Ал, Нәзира бейнесінің партнери (серіктесі) Токтар рөлінде бірінші құрамда Ұлан Болатбек және екінші құрамда жас актер Дархан Манақов ойнады. Шығармада Токтар – бірде-бір артық сөзсіз, салмақты, алып денелі, елдің бәрі сүйсіне карайтын бозбала. Соғыска жасы жетпесе де өзі екі жас қосып жаздырып алған, ешкімнен көмегін аямайтын, асауга бас білдіріп ел арасында сүйіспеншілікке бөленіп жүрген жіғіттің болмысын ашуда Д.Манақовта шынайылық басым болды. Әдеби нұсқадағы Токтарға дұрыс түсініктеме берген актер ретінде Манақовтың ойыны көрермен көңілінде сакталып калды. Мұнан өзге сахналар да режиссерге оның түспегені көрініп тұр. Үлесі азғана сахнаны алғанымен оқиғасы бүтін шығарма бойы жалғасатын Ырысбек өмірі мен отбасы жайындағы сахналар үзік-үзік әрі қыскарту салдарынан аяқталмаған күйде калып отырған. Шығармамен таныс оқырман «Жабайы алмадағы» Ырысбектің қандай қаны бұзылған адам екенін біледі. Оның айтуға ауыз бармайтын тіпті соракы істері сахналық нұсқаға енгізілмеген. Осы тұрғыда спектакльдегі рөл шенберімен алып карасақ Бейбіт Қамарановтың Ырысбегі нанымды. Ал,



екінші құрамдағы Эсет Иманғали көбіне әдеби нұсқадағы Ырысбекке келеді. Ырысбектің жары Дүрия рөлінде Лиза Серікова мен Динара Әбікесева ойындарында атап айтартықтай өзгешелік жоқ. Өздеріне тән әйел психологиясын ерекше жеткізе білді. Тағы бір қосалқы кейіпкер Көлбай керен рөлінде Тұрсын Құралиевке қарағанда екінші құрамдағы Қәдірбек Демесіннің ойнауы шынайы әрі есте қаларлықтай әсерлі болды. Эпизодтық бейнеге бей-жай қарамай, оның маңызын көрермендерге ұғындыра білді.

Қойылымды музыкамен әрлеғен композитор F. Секеевтің енбегі ұшан-теніз. Егер, дәл осы әуендерсіз қойылымды саҳналасақ, жұпны, жартылай аяқталмаған шикі дүниеге айналар еді. Әрбір саҳнада өз кызметін атқарып тұрған әуендер ретімен қойылған. Режиссер мен композитор ойның бір арнада тоғысуын үлкен жетістік деп бағалауға болады.


Спектакльдің суретші-сценографы - А. Жусіпәлі. Қойылымдағы әрбір реквизит өз кызметтерін толық атқарып, актерлерге еркін көсілуге көмегін тигізіп тұр. Қойылымды жасаған шығармашылық құрамың бір мүшесі хореограф К. Жиренбаеваның енбегі де зор. Әсіреле, соңғы саҳнадағы балалардың сандық-кораптың үстіндегі әкені ансау, киындықтан шаршau, бала жүректердің әлсіреуі сынды сезімдерін бимен жеткізе білуі ете ұтымды.

Қомакты екі шығарманы алып оны саҳнаға лайықтау үлкен жауапкершілік екені айтпаса да түсінікті. Режиссер оқиғаларды бір-біріне канша байланыстырығысы келгенімен кейбір саҳналар хронологиялық оқиғалар желісіне сай келмей жатты. Сонымен қатар, қойылым тақырыпқа сәйкес оқиғалармен өрілмей екі туындының біріне басымдық беріп жіберген. Аян тағдырын күткен көрермендер көп болды. Бірақ, режиссер Аянның тағдыры арқылы дәуір қасіретін емес, заман көрінісі арқылы Аян секілді балалардың тауқыметін жеткізуғе тырысан. Қойылымдағы мың сан тағдыр иелері арқылы адам психологиясын, дәуір қасіретін де, тәлім-тәрбие маңызын, нәзік сезім іірімдерін, адамгершілік пен мейірім, еңбек пен адалдық жайын да ұғынып шығасың. Әсіреле, тәуелсіз елде дүниеге келіп, жоқшылық пен ашаршылықты аныз секілді кітаптардан оқып жүрген балалар мен жасөспірімдер үлкен тәрбиелік мәні зор қойылым. Бұл шығарма, атапмыш қойылым – ұлттық кодымыз. Жер бетін мекендеген миллиондаған халықтан ерекшелігіміз, біздің ғана тағдырымыз, біздің ғана қолтаңбамыз. Жусан іісі – бұл кең даланы мекендеген, еркін де азат қазак деген халықтың іісі.

Саҳнаға жол тартқан бұл шығарманың ғұмыры ұзак болсын деп тілейміз!

12

Бейбіт ӘЛКЕЕВА
«Театртану» мамандығы 3 курс
Т.Жүргенов атындағы Қазак ұлттық өнер академиясы



КазНУИ

- будущее Казахстанской анимации

Мультипликационная анимация — мир воплощения фантазий и волшебства. Искусство, в котором самые смелые и незаурядные идеи обретают жизнь. Для кого-то это лишь детская забава, а кого-то целая жизнь. И именно о вторых пойдет речь.

Аниматоры — творцы, с чьих рисунков мы получаем возможность узреть это волшебство и насладиться тем, что порой неподвластно нашему воображению. Но к сожалению, в нашей стране многие из них остаются в тени или подвергаются жесткой критике и осуждению. Нужно отметить, что анимация пришла в Казахстан не так давно, но с самого начала уже имела большие перспективы. Она заявила о себе после работы Хайдарова А.А. «Почему у ласточки хвост рожками?». Конечно, об этом мультфильме слышал каждый, но что же происходит сейчас? К моему печальному замечанию, многие казахстанцы не интересуются этим вопросом, и не знают, что отечественные аниматоры усердно продолжают развивать это ремесло. К примеру, в этом году анимационный короткометражный фильм «Ит» («The Dog») была удостоена наградой на XIII Международном кинофестивале «Евразия» проходившего в городе Астана этим летом. Самое главное, что режиссером был выпускник Казахского Национального Университета Искусств Сандыбай Мейржан и работал в команде с еще только студентами 2-3 курсов этого же университета.

Мне посчастливилось лично познакомиться с аниматорами КазНУИ, и провести в их среде немало времени, наблюдать за их трудами и самим процессом создания подобных анимационных работ.

Я, как студентка, приехавшая по обмену из КазНАИ им. Т.Жургенова, поразилась тому, с каким энтузиазмом и любовью к своему делу относятся эти ребята. То, чем они занимаются — огромный труд. Десятками детально вырисовывая каждый кадр, они создают секунды, которые вы можете и не заметить.

Я узнала у студентки второго курса анимации Амины Тазиатовой, что же подвигло к выбору такой профессии:

— Когда и как ты решила, что душа твоя лежит к этому делу?

— Я с детства люблю анимацию, и смотря мультфильмы, всегда поражалась тому, насколько разнообразны бывают миры, придуманные аниматорами. На самом деле, анимацию я выбрала спонтанно, всю жизнь мечтала быть художником, позже — иллюстратором, но в классе 7-8 я начала придумывать различные истории и отдельные сюжеты, которые очень хотела воплотить в жизнь, и к классу 9 поняла, что лучше всего я смогу это сделать через анимацию.

— Что тебя является главным источником вдохновения в создании работ?

— Анимация для меня — это отдельный вид искусства, это целая вселенная бесконечных возможностей, и поэтому для меня эта профессия сама по себе является вдохновением.

— Какого ты мнения о современной отечественной анимации?

— По поводу отечественной анимации... нам прежде всего надо вылезти из своих же рамок, заданных еще во времена Советского Союза, на данный момент мы, увы, топчемся на месте. В Казахстане анимация пока развита не так сильно, как хотелось бы, но я уверена, что мы можем повлиять на ее прогресс, ведь сейчас молодые аниматоры имеют свой собственный независимый взгляд на жизнь и искусство в общем, так что думаю, у нас вполне может получиться поднять анимацию Казахстана на новый уровень».

P.S. Я надеюсь, что этой статьей я хоть в немногих смогла пробудить интерес к такому виду искусства и стать началом для того, чтобы гордиться отечественной анимацией



Амина Тазиатова 2-курс



Айтолжын Жантемирова 2-курс



Кадры из короткометражного мультфильма «Ит».



Раскадровки Алии Айтжановой 2-курс



Улугбек Блялов 2-курс

Атам сюрприз жасады

Эжемнің махаббаты - Өмірхан атам! Менің көп армандарымың бірегейі осы "екі бала, дана кісі" үзак ғұмыр жасаса еken деп бір Алладан тілейтінмін! Бір-біріне деген махаббаты шексіз, олардың сезімі Ромео мен Джулетталарыңнан жүз есе артық, мың есе зор! Артық дейтінім, бұрынғы мен бүгінгі жастардың махаббатымен салыстыруға мүлдем келмейді. Менің ойымша, «махаббат» - ыстық сезімнен басталып, соны сыйластықка, камкорлыққа ұласса, сонда ғана шынайы сезімнің шыңын бағындыра алғаны. Білесіз бе? Менің атам әжеме үнемі сый, яғни сюрприз жасағанды ұнататын. Сыйдың міндетті турде көлемді болуы шарт емес. Мәселен, атам әжемнің не жаксы көретінін білетін, сондыктан таң атпай дүкеннен небір тәттілер әкеліп береді. Сонымен қатар, жылтыр қара галошының табанындағы ұлтарагын кептіріп, кайта салып кояды, ондағысы кемпірінің тоңып калмауын ойлаганы ғой. Үйдің ішкі-сыртқы жұмыстарына да атам жанашырлық танытып көмектесіп жүретін. Осындай сүйіспеншілікпен жалғасып отыратын әрекеттерге сырттан қарап, байқап жүрген мен үшін бұл өте кызық еді. Атамның сыйларына әжем балаша қуанып мәз-мейрам болады. Мен оған тамсанып, қарап отырамын. Мені де шәйға шакырғанда, сабак өкіп отырғанымды сұлтауратып, оларды әрмен қарай андумен боламын! Әңгімелері тартымды, тыңдай бергің келеді.



Біраз жасқа келіп қалса да, жас қүндеріндегідей бір-біріне сюрприз жасаудан жаһықпайтын!

Осылайша сексен жасқа дейін денсаулығына шағымданып көрмеген атам, кенеттен ауыр дерптің тырнагына ілінді. Астана ауруханалары атам үшін екінші үйі болды. Тіпті аурудың бетін кайтара алмаган дәрігерлер қолдарынан ештеңе көлмейтіндіктерін алдыға тартты. Ал, әжем дәрігерлердің айтқандарынан бейхабар еді. Аурухана төсегіне танылған атам, әке мен анама «Мені кемпіріме апарындар, қалған өмірімді кемпірімнің қасында өткізейін» деді. Әкем «Жоқ әке, сен әлі-ак

емделіп кетесің, жазыласың» десе де, атам көнбеді. Сөйтсе, үмітін әлдекашан үзген еken. Атам әжеме телефон соғып, қалжындал «Кемпір, шәйінді қоя бер, келе жатырмын» деп бір қуантты. Әжем үшін бұл сюрприз болған еді, сөйтіп әжем дастарханың жайнатып атамды күтіп алды.

Наурыздың төрті еді, әжем 8-наурызға қуана дайындалып өзіне әдемі көйлек тігіп жатты, кенет атамның денсаулығы құрт нашарлап кетті, жедел жәрдем шакырттық, бірақ олар шарасыз екендерін айтып кетіп қалды, атам енді бұл дүние менікі емес деп, жиі уфілеп аргы өмірге аттануға дайын жатыр. Әжемнің сол кездегі көл бол аққан көз жасында шек жоқ. Көзінің қабағын әрең кетерген атам: «Кемпір мен саған сюрприз жасаймын, ол үлкен сюрприз» деді. Әжем: «Қайдағы сюрприз, өзің хәл үстінде жатқанда мені ойлап қайтесің» деді. Атам «Жоқ, кемпір 8-наурызына дайындал, дастарханыңды жайнат, бірге тойлаймыз, мен әзірге өлмеймін, сенің мерекенің шырқын бұзбаймын, өйткені менің саған ең соңғы рет сюрприз сыйлығым осы болады...» деді! Жүрекке ауыр тиді. Бәріміз әжем жайған ак дастархан басында отырмыз. Атам төсек тартып жатыр, еріксіз өз-өзін кинап жымып кояды. Көзі біз жакта. Көзінен кимастық сезіледі. Осылайша бір қуанып, бір кайғырып әжемнің мерекесін де өткердік. Таң атты, атам уәдесінде тұрды. Тура сол күннің ертесінде атам аргы дүниеге аттанып кетті...

Сол уақытта біздерден көз алмай қарап жатқан атам не ойлап жатты еken?!

Әзілбек ТӨЛЕУҒАЛИ
«Драма театр актері» мамандығы 1 курс

ҚАРЛЫҒАШ



Балалар еліктейтіндегі «бренд» дүние жасауымыз қажет

16

Асқак ойлы, рухы мықты ұрпақтың өсіп жетілуіне анимациялық киноның атқаратын рөлі аса маңызды. Осыған орай қазақ ұлтының болмысын көрсетін, дәуір тынысын ашатын кішкентай көрермен үшін тағылымды дүниелер, замануи қазақ анимация өнерінің көкейкесті мәселелері мен ұстанған бағыты туралы анимациялық фильмдердің режиссері, көптеген жобалардың авторы Жәнібек Нұрбекұлымен сұхбаттасқан едік.

- Анимация өнеріне қалай келдіңіз?

-Мен мусінші болуды армандағанмын. Әсіресе, сурет салуды жақсы көретімін. Мектепті бітірген соң, 2004 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының анимация бөліміне оқуға түстім. Сол кезде емтихан қабылдан жатқан Ләzzat Кожақова менің акварельмен салған қырық шакты жұмыстарымды көріп, оқуға түсесің деп жігерлендірді. Осылай анимация режиссурасына келдім. Армандаған, қалаған мамандығыма келіп түскенімді бір айдан кейін сезіндім.

-Алғашқы түсірген фильміңіз туралы айтып отсаныңыз. Қандай қынышлықтармен кездестіңіз?

-«Құстар қайтып барады» әнінің негізінде экологиялық тақырыпты көтеретін «Ұзілген жапырақ» атты дипломдық жұмысымды түсірдім. Сол кезде Қазақстан Президенті қоры өткізіп жатқан байқауға жобамды жібердім. Кейін менің дипломдық жұмысым осы қордың стипендиясын ұтып алды. Бұл алғашқы тәжірибем болғандыктан, әрине, көп күш салдық. Қиналған кездер де өтті. Ол кезде біз бірінші аниматикті, сосын фильмді жасау керек екенін түсінбедік. Монтаж кезінде керексіз кадрлар мен кейбір кадрлардың жетіспеуі сияқты кемшіліктерді кездестірдік. Сол себептен кез келген анимациялық фильм жасау үшін алдымен раскадровканы, сонаң соң аниматикті, кейін ғана өндіріске жіберген дұрыс.

-Анимациялық фильмге қандай анықтама берер едіңіз?

-Анимация – керемет дүние. Кез келген анимациялық фильм жасау үшін адам жан-жақты дамыған, дүниетанымы кең болуы керек. Тек суретші ғана емес, сонымен қатар режиссерлік шеберлігі мен музикалық сауаттылығы болуы керек әрі компьютерді жетік менгеруі шарт. Анимация –синтездік өнер. Онда суретшілік өнер, драматургия, музика, актерлік шеберлік сияқты өнер саласына байланысты мамандықтар бір-бірімен тоғысқан. Анимацияда шектеу болмагандықтан, өнердің барлық саласын

камтыған өнерлердің сұлтанды дер едім.

-Ел болып, еңе көтергенімізге ширек ғасырдан асып барады. Осы кезеңдең қазақ анимация өнері көбінесе қандай басты қағидаларға негізделді және қай бағытта дамыды?

-Тәуелсіздік алғаннан бастап 2002 жылға дейін экономикалық, саяси жағдайларға байланысты анимация өнері бірде тоқырап, енді бірде фильмдер түсіріліп жүрді. Тек Әмен Қайдаровтың еңбегі мен жанашырылының арқасында Т.Жүргенов атындағы Қазақ үлттых өнер академиясында анимация кинорежиссурасы мамандығы, кейін «Қазақфильмде» академиялық анимация киностудиясы ашылды. Әмен Қайдаровтың салып кеткен жолының арқасында «Қазақфильм» киностудиясында мемлекеттің тапсырысымен анимациялық фильмдер түсіріле бастады. Өйткені, анимациялық өнерге көп қаржы, күш пен уақыт қажет. Осындағы фильмдерге «Қазақфильм» киностудиясы демеу болып, мемлекет тарапынан қаржыландырыла бастады. Ермек Аманшаев киностудияның басшысы болып тұрған кезінде анимация саласына өте жақсы қолдаулар болды. Жыл сайын 10 минуттық 5-7 анимациялық фильмдер шығарылып отырды. Әлбетте, сан бар жерде сапа да болады. Фильмдер санының көбеюі біртіндеп сапалы дүниелердің пайда болуына әкелді. Нәтижесінде, «Ертөстік пен Айдаһар» атты алғашқы толықметрлі фильм дүниеге келді. Алайда, бұл фильмді сәтті шықты деп айта алмаймын. Қазіргі уақытта «Мұзбалақ» пен «Күлтегін» атты екі толықметражды фильмдер өндірісте. Ол фильмдер наурыз айында Қазақстанның бүкіл кинотеатрларына жол тартады деген ойдамын. Бұл Тәуелсіздігіміздің 25-26 жыл аралығындағы жетістігі.

Анимациялық кинорежиссура мамандығы бойынша қазіргі таңда Алматындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ үлттых өнер академиясында, Шымкет қаласындағы Ә.Қастеев атындағы колледже және Астана қаласындағы Қазақ үлттых өнер университетінде (алғашқы аниматорларды Адай Әбілданов екеуміз қабылдады) шекірттер тәрбиеленіп жатыр. Осы оку орындарын тәмамдаған тулектер бүгіндері Әмен Қайдаров салып кеткен жолды жалғастырып келеді. Яғни, мамандардың саны жыл сайын көбеюде.

-Қазіргі таңда Қазақстан аумағына «Disney», «Warner Bros», «Pixar», «DreamWorks» студияларының туындылары кеңінен таралып, зөр үақытын өз елінің идеологиясы мен үлттых мінезі, менталитетімен толтыруды. Балаларға арналған «Балапан» арнасы да өз аудиториясының қалыптастырылды. Ал, осы арнада көрсетілетін анимациялық фильмдер туралы не айттар едіңіз?

- Балаларға арналған «Балапан» арнасындағы анимациялық фильмдер сапа жағынан әлсіз болса да, көрермендер арасында қызығушылық туғызды. Дизайнер, архитектура сияқты мамандықтарды бітірген, анимация саласына қызығатын адамдар жеке киностудиялар ашып, тапсырыстар қабылдан, соның арқасында «Балапан» арнасында сериалдар шығып жатыр. Бірақ, олардың сапасы көңілден шықпаса да, бәсеке бар жерде, сапа да табиғи түрде пайда болады. Соңғы кезде сапа жағына да назар аударыла бастаған сияқты.

- Қазіргі қазақ анимация өнерінде қандай мәселелер бар? Сізді не мазалап жүр?

- Мемлекет тарапынан қолдау болмаса, анимациялық кино ешқашан дамымайды. Мысалы, әр ата-ана өзінің баласы жан-жақты жетілуі үшін ештеңесін аямайды. Сол сияқты, өсіп келе жатқан ұрпақтың жетілуі үшін анимация саласына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны қамқорлыққа алып, ұрпақ тәрбиесіне мән беретін фильмдердің түсіріліміне демеу болуы керек.

- Заманауи тақырыптағы қандай фильмдер түсірілуі керек?

- Біз бала кезімізде естіген ұшатын кілем, барлық әлемді көрсететін шар сияқты ертегілер қазіргі заманының балалары үшін қызықты болады дегенге сене бермеймін. Өйткені, бүгінгі таңда оның барлығы мүмкін дүние екендігі белгілі. Қазіргі балалардың көпшілігі гарышқа, атыс-шабысқа құрылған фильмдердің қаһармандарына еліктейді. Соңдықтан, өзіміздің мифологиямызды, эпостық жырларымызды, ондағы батырларымызды заман талабына сай жаңғырту керек. Яғни, балалар еліктейтіндей «брэнд» дүние жасаумыз қажет.

-«Қазақ мультфильмінің кейіпкерлері балалардың есінде жақсы сақталмауының себебі жарнама мен PR-дың жетіспеуінілгінде» деген пікір бар. Бұл туралы сіздің көзқарасыңызды білгіміз келеді.

-Жарнама мен PR-ды жасау үшін көрсететін дүние болуы керек кой! Отандық өнімдер жоқ емес, бар. Бірақ, ұзактығы аз болғандықтан телеаралардан көріп үлгермейді. Телеарналарға 100-200 бөлімді сериалдар түсірілуі керек. Кішкентай көрермендеріміз сериалдарды күтіп көріп, басты кейіпкерлеріне - «қаһармандарына» еліктейтіндей болуы қажет.

-Болашақта түсірілетін фильмдеріңізде қандай тақырыпты қозғағының келеді? Бұрын

көрмеген қандай кейіпкерлерді көре аламыз?

Біздін мифологиямыз, аңыздарымызды арқау етіп түсіретін өнімдер жоспарда бар. Қазіргі уақытта бір сценарийді жобалап жатырмыз. Бірақ, әзірге қупия.

Бізге ұлттық дүниелер қажет. Өйткені, біз әзірге Еуропа мен АКШ сияқты елдердің фильмдерімен бәсекелестікке түсе алмаймыз. Сол себептен, ұлттық дүние жасауымыз керек. Мысалы, «Қызы Жібек» эпосын бүгінгі заманға сай етіп түсірсек, ұлттық дүние шығатыны сөзсіз. Барлығы ұрпақ үшін екені белгілі.

-Өзініздің шәкірттерініздің жетістіктері туралы айта кетсөніз...

-Қазақ ұлттық өнер университетінде анимациялық кино режиссурасы мамандығына алғашқы талапкерлерді 2012 жылы қабылдадық. Сол шәкірттеріміз бүгінгі таңда пісіп жетіліп, анимациялық қысқаметтрі: «Жерұйық», «Тағдыр туралы хикая», «Ертегілер елінде», «Көжектер», толықметрлі: «Күлтегін», «Мұзбалақ» атты ірі жобаларға қатысып, өз мүмкіндіктерін тек қана жақтарынан көрсетіп келеді.

Сонымен бірге, 2016 жылы Республикалық «Қарлығаш» атты анимациялық кинофестивалінде студенттерім Мейіржан Сандыбай (4 курс, фильмнің режиссері), Қыдырбаев Сұлтан (3 курс, қоюшы суретші) мен Баян Эділбек (3 курс, аниматор) «Көксерек» атты анимациялық фильмімен «Үздік студенттік фильм» номинациясын қанжыгаларына байлады. Осы жылы Қазақ ұлттық өнер университетінің 5-курс студенті Ертай Раушан Эбдікәрімова Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры стипендиясының иегері атанды.

4-курс студенті Қыдырбаев Сұлтанның «Таң атты» курсы құмысы Беларусияның XIX кезекті Халықаралық «Анимаевка-2016» фестивалінде конкурстық жұмыстар қатарына етіп, каталогына енді. Бүгінгі таңда ол жеке киностудия құрып телеарналарға арнап сериалдар түсіріп келеді.

2017 жылы Мейіржан Садыбайдың «Ит» атты анимациялық фильмі XIII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінде «Ең үздік қысқаметрлі фильм» номинациясы бойынша гран-при иеленді. Тағы бір студентім Сакиолла Қасиет 4-курс оқып жүрген кезінде КР мен КХР бірлесіп жасаған «Бала Абай» анимациялық сериалының қоюшы-режиссері және қоюшы-суретшісі қызыметтерін сәтті аткарды. Қазіргі таңда «QAZART media» атты киностудиясын құрып, жасаған анимациялық жұмыстарының сапасы Үнді және Украина елдерінің анимациялық студияларынан озып, Швейцарияның «Альпы тауы» атты 3D форматтағы 33 сериалы анимациялық фильмін жасап жатыр. Бұл деғеніміз қазақ анимациясының әлемдік нарықта бәсекелестік қабілетке ие екенін көрсетеді. Көптеген студенттерім Республикалық олимпиадалар мен конкурстардан жүлделі орындар иеленді. Міне, осылардың бәрі үстазы болған мен үшін де, университетіміз үшін де үлкен мақтанды.

- Жас режиссерлерге қандай кенес берер едініз?

- Шәкірттер мен жаңадан ізденіп жүрген жастарға айтарым – тынымсыз енбектеніп, үнемі ізденістер жасалуы қажет. Дипломдық жұмыспен шектеліп қалмай, шағын болса да, үнемі фильмдер түсіріп, оларды кинофестивальдерге жіберіп, қатысып отыру маңызды.

Әңгіменізге көп раҳмет!



Қазақ, әлем анимациялық киносы бойынша Жәнібек Нұрбекұлының ұнатып көретін және ең таңдаулы деген фильмдері:

1. «Тайны Коко» – бүгінгі таңдағы ең сүйіп көретін фильм;
2. «Спирит» – студент кезінде ұнатып көрген фильм;
3. «Қарлығаштың күйрығы неге айыр?» – ұлттық анимациялық фильмдердің ең таңдаулысы;
4. «Гадкий Я» – комедия жанрындағы ең ұнаган фильм;
5. «Синдбад» – 2D краскалық дүниенің көрсеткен фильм;
6. «Томм и Джерри» – бала кезімде ұнатып көрген фильм;
7. «Песнь моря» – кәсіби шығармашылық ізденіс пен көркемдік шешім жағынан ұнататын фильм;
8. Франция елінде өтетін «Анси» фестивалінің жұмыстарын асыға күтіп, көремін. Өйткені, онда ең мықты аниматорлар өз фильмдерін жіберіп, бактарын сынап жатады.

**Әдемі ҚАПАР
«Кинотану» мамандығы 3 курс**

На сегодняшний день, я считаю, кафедра музыковедения очень сильная



19

В честь 20-летия Казахского национального университета искусств студенты кафедры музыковедения и композиции организовали ряд интервью с педагогами, стоявшими у истоков формирования нашего учебного заведения. Одним из них является Тойжан Жылкайдаровна Егинбаева, Заслуженный деятель РК, кандидат искусствоведения, профессор.

– Тойжан Жылкайдаровна, расскажите, пожалуйста, о том, как Вы вступили в ряды педагогов университета. С чего всё начиналось?

– Я приехала на работу в Казахскую национальную академию музыки в 2000 году на кафедру «Теории и истории музыки». В то время это была совместная кафедра музыковедов, которой заведовал Пернебек Шегебаевич Шегебаев. Собеседование проводила Умитжан Раҳметулловна Джумакова – она являлась на тот момент проректором по научной работе. Я сразу же обратила внимание на профессорско-преподавательский состав кафедры: он был уже достаточно большой и сильной даже в те времена, в период своего становления – здесь были выпускники алматинской, и московской, и новосибирской школы.

– Какие задачи стояли перед Вами?

– Практически каждый преподаватель вел все дисциплины – как исторические, так и теоретические. Так же и я вела сольфеджио, гармонию, анализ музыкальных произведений и казахскую музыкальную литературу. Все дисциплины велись тогда только на русском языке.

Я обнаружила огромную проблему: нехватку литературы по казахской музыке и отсутствие фонотеки. Мне пришлось поехать в Алматы, чтобы записать большое количество казахской музыки, приобрести клавиры оперных и симфонических произведений казахстанских композиторов. Мне помоши преподаватели консерватории им. Курмангазы и коллеги из Гос телерадио Казахстана. С гордостью могу сказать, что все имеющиеся записи по казахской музыке в фонотеке университета были сделаны мной.

– Как Вы пришли к должности заведующей кафедры музыковедения, и какая была Ваша первая «реформа» на новой должности?

– В 2001 году Раиса Кожабековна Мусаходжаева предложила мне возглавить эту кафедру – Пернебека Шегебаевича перевели на должность декана факультета музыки. Кафедрой я заведовала до 2010 года. Поначалу было сложно, так как отсутствовала специализация и было решено сделать разделение: часть

преподавателей я полностью перевела на теоретические дисциплины, остальные начали вести исторические дисциплины. Причём, на каждый предмет были распределены по два педагога, чтобы не было проблемы заменяемости по той или иной дисциплине.

– А как педагоги отреагировали на это разделение?

– Отреагировали, конечно же, положительно. Ведь какой бы ты не был «вундеркинд», охватить абсолютно всё, по-моему, просто невозможно! Поэтому, специализация помогла преподавателям больше «углубиться» в конкретные дисциплины, значительно облегчив подготовку к лекциям. Мы сразу же определили две методические секции, каждую из которых возглавил высоко квалифицированный специалист. По историческим дисциплинам была назначена Ирина Алексеевна Бакаева, по теоретическим – Наталия Ивановна Гринько. Когда уже в 2002 году к нам прибыла Рогнеда Викторовна Лукьянова, мы с ней «поделили» кафедру на две: она стала руководить кафедрой теории музыки, а я – исторической.

– Какие приятные воспоминания остались у Вас о тех временах?

– Мне очень понравилось работать в академии. Я приехала преподавать в специализированный вуз после педагогического института (Талдыкорганская университете имени И. Жансугурова, где я заведовала кафедрой казахской музыки и методики музыкального воспитания на протяжении 15 лет), и я получала очень большое удовольствие от работы с будущими профессиональными музыкантами. К преподаванию у меня сложилось какое-то особенное, трепетное отношение. Ведь, одно дело, когда работаешь со специалистами, от которых в ответ на свои выступления и лекции получаешь отдачу. Ситуация со студентами – не музыкантами – совершенно иная.

– Как происходило разделение групп с разными языками обучения?

– В одном из разговоров с Пернебеком Шегебаевичем как-то зашла речь о подготовке специалистов – теоретиков и музыковедов, которые могли бы вести занятия на национальном языке, то есть об открытии теоретического отделения в колледже с казахским языком обучения. Мы обсудили эту проблему с ректором Айман Кожабековой Мусахаджаевой. Она сразу же нас поддержала и спросила: «А кто же у нас будет вести эти дисциплины?!». Я ответила ей, что мы с Пернебеком Шегебаевичем готовы взяться за эту работу. Взялись и у нас все получилось! Сейчас одна из первых наших выпускниц Дана Азнабаева – докторант нашей кафедры. Таким образом, занятия с казахским языком обучения в нашей Академии начали первыми среди музикальных учебных заведений в Республике.

– Как решалась проблема научной деятельности кафедры?

– К сожалению, среди столь большого количества квалифицированных специалистов на тот момент было очень мало преподавателей с ученоей степенью: Умитжан Раҳметулловна Джумакова, Пернебек Шегебаевич Шегебаев и я. Мы стали вести большую работу на кафедре, связанную именно с развитием научной деятельности наших преподавателей. Одной из первых защитила кандидатскую диссертацию Галия Толегеновна Акпарова. Незадолго до завершения работы не стало (ушла в мир иной) ее руководителя. В таких ситуациях, конечно же, очень важна поддержка, и мы ей её оказали. Я сказала: «Надо, надо! Это ведь не конец света?! Я и сама так защищалась». Моим научным руководителем был Борис Гиршевич Ерзакович, которого также не стало незадолго до защиты моей диссертации. Мне самостоятельно пришлось завершать свою работу. Именно поддержка со стороны кафедры и вера в ее способности помогли и Галие Толегеновне. Естественно, её защита с новым научным руководителем прошла успешно.

Был случай и с Ириной Алексеевной Бакаевой: она была грамотным специалистом, очень способной, трудолюбивой, с сильной новосибирской школой за плечами. Ирина Алексеевна быстро и качественно делала всё, можно сказать, что крайне ответственно подходила к своей работе. И тогда я, работая с ней, предложила: «Кому как не Вам Ирина Алексеевна, писать диссертацию?! Давайте поедете в Новосибирск, закрепитесь там и т.д.». После долгих уговоров она, действительно, поехала в Новосибирск и в течение 3-х лет защитила кандидатскую диссертацию.

Далее Меруерт Ширақбаева, будучи уже аспиранткой Умитжан Раҳметулловны Джумаковой, защитила свою работу. Так и начался постепенно формироваться учёный круг преподавателей нашей кафедры.

Позже к нам пришла работать одна из сильнейших этномузыковедов Саида Абдрахимовна Елеманова. Все мы сейчас работаем по её бесценным трудам: диссертациям, книгам, научным статьям и т.д. Следом пришли Гульнара Бахытовна Абдрахман, потом Гульнара Жанабергеновна Кузбакова, Меруерт Санатовна Курмангалиевна, Дина Маратовна Мосиенко и другие. Кафедра стала «обрастать» ценными кадрами и «крепчать». С 2010 года вновь объединенную кафедру «Музыковедения» возглавляет Гульнара Тұяқбаевна Альпесова, Заслуженный деятель РК, кандидат искусствоведения, профессор. Все они, безусловно, высококвалифицированные специалисты. И на сегодняшний день, я считаю, кафедра музыковедения очень сильная.

АЛҒЫСЫМ-ӘНІМ


Акпанның 17-сі. Сағат тілі кешкі бестен асып барады. Көтпен күткен Аскар ағамыздың жеке шығармашылық кеші де әне-міне дегенше басталғалы тұр. Дәстүрлі әнді, жыр-термені аңсал келген халықтың карасы қалың бүгін! Әрбір өнер адамының аскак арманы - улкен сахнаға шығып, халыққа өнерін паш ету емес пе? Ал, Аскар ағамыздың ата жұрттың аңсал келген өнерпаз екенін ескерсек, бұл арман екі еселеніп үлкен мақсатқа айналма...

Міне, сахнаға NOMAD

инструментальді ансамблінің орындаудағы «Мәңгілік ел» шығармасынан кейін домбырасын арқалап, Мұқиятұлы Аскар да шыкты. Аскар ағамыз өзінің репертуарынан ең керемет жырларын таңдал алған екен. Залдағы көрермендердің ерекше ықыласынан ұлттық өнерімізге әбден шөлеркеп калғанымызды байқадым. Бірінен соң бірі шырқалған Абай атамыздың «Есінде бар ма жас күнің», Мұраткан Егінбаевтің «Үш арыс», Жаяу Мұсаның «Сұрша қызы» сиякты бәрімізге таныс жыр-термелерін Аскардың ерекше коңыр даусымен тыңдал құлағымыздың құрышы әбден кандай, шіркін! «Әнді сүйсөн менше сүй» деп хәкім Абай айтпакшы, оркестрдің орындаудағы әсерлі туындыдан кейін дәстүрлі ән кафедрасының қызы-жігіттері ән шеру жасады. Ұлттық киімде көрінген бұрымды арулар кештің ажарын одан ары аша түскендей! Басқа концерттік нөмірлер ішінен ең озығы болған осы Ән шеру деп ойладым. Өзімді бір сәтке Біржан мен Сараның, Әсет пен Үрысжанның заманына топ ете қалғандай сезіндім... Жақсының көп болмайтындығы заңдылық қой, бас аяғы екі сағаттай болған «Алғысым-әнім» шығармашылық кешінің өз мәресіне жеткені хабарланып, Аскар ағамыз тәлім-тәрбие берген ұстаздарына шексіз алғысын айтып, оладын алдында бас иді. Концертке арнайы келген кеш іесінің ата-анасына халық ерекше кошемет білдірді. Ата-ана үшін осыдан артық кандай маралат керек? Финалға таңдалып алынған Халық Ризабектің «Ата жұрт» әні - елім, жерім деп келген талай қандастарымыздың жанарына жас үйіріп, қобалжытты-ау. Әнші Аскардың жоғарғы деңгейде өткен осы кеші көптің көңілінде ұзак сакталарына сенім бар. Таланттымен талайларды тамсандырып жүрген Аскар Мұқиятұлының осы бастамасы өзінен кейінгі ізбасарларына үлгі болса екен деген ізгі ниет қой біздікі!!!

21

Рухия БАҚЫТБЕК
Бас редактор



Ұрпактар сабактастығы әлеуметтік мәселе ретінде



22

Бұл мақалада қазіргі уақытта әлеуметтік мәселе ретінде ұрпактар сабактастығы және өзекті мәселелердің бірі «қарттар үйінің» көбеюінің себеп салдары жайлы қарастырылады. Ұрпактар сабактастығының сактауда отбасының және халықтық педагогиканың рөлі мен маңызы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2017 жылы жарық көрген «Рухани Жаңғыру Болашаққа бағдар»^[1] атты жолдауында алғашқы жаңғыру шарттарының жана типі – бұл өзіндік мәдениет пен өзінің ұлттық кодын сактау делінген ұлттық мәдениет сакталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды деп баса айтылған. Ал ұлттық код дегеніміз бүгінгі ұрпактың өзінің ұлттық мәдени ерекшеліктерін біліп кана коймай туган жеріне, еліне, салт дәстүріне деген сүйіспеншілігі мен оны естен шығармауы. Ал ұлттық кодымызды сактау үшін ата-баба, ел жұрт, тарихымызды білуіміз керек, дәстүрге берік болуымыз қажет деп ойлаймын. Дәстүр ішінде бага жетпес байлықтардың бірі - ұлкенді сыйлау, карияны құрметтеу, олардың ақылына құлак асу. Халқымыздың осы ұлкенді сыйлайтын дәстүрінен, карттықтан көп нәрсөні аңғаруға болады, ол өз басынан өткеннен, тәжірибесінен көрген білгенін жас ұрпакқа мәңгі қаларлықтай үлгілі іс қалдыру. Мұны біз сабактастық деп атайдыз.

Сабактастық-этникалық тәрбиенің негізгі идеяларының, формаларының, құралдарының сабактастығының қамтамасыз ететін этнопедагогиканың ерекше белгісі. Оның бір түрі отбасылық сабактастық.

Отбасылық сабактастық- адамгершілік аясынан орын алады. Ата-аналар балалардың бакытты болуына көмектеседі. Некеге жаңа тұрғандарға ак тілек айту, той рәсімдері, шілдехана, ат коюда ұрпактар сабактастығына камкорлық болған.[2] Ал мұндай сабактастық болмаса ұрпактардың сапалы жалғасуына қауіп бар деген сез. Сол себепті де ұрпактар сабактастығы әлеуметтік мәселе болып табылады.

Ұрпактар сабактастығы (немесе мұрагерлік)-коғамдық жүйенің негізгі шарты болып табылады. Ересек ұрпактың білімді, тәжірибелі келер ұрпакқа калдырып отыруының нағыз көрінісі, яғни кез келген жаңа ұрпак өткенді білуіне, және ұлкендердің жеткен жетістіктерін пайдалануында ұлкен мүмкіндік бар. Жоғары да айтып кеткеніміздей ұрпактар сабактастығы деп Ата, Әке, Бала арасындағы берік үдеріс. Атаның өмірде көрген, басынан өткен тәжірибесінен сүзіп өз ұрпағына тағылым аларлыктай іс қалдыру делік. XX-ғасырдың басында, қын заманда бейғам халықты өркениеттің шынына сүйрекен тұлғалар саяси құрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі маман білгірлері өздерінің еңбектерін жас ұрпакқа калдыра білді, ол еңбектер әлі қүнге дейін өшпес мұра ретінде жас ұрпак жадын да қала береді.

Халқымызда «Ақылды қария ағып жаткан дария» деп жан-жағына сезімталдықпен сергек қарал, өмірден көрген түйгөні, тоқығаны көп карттарды құрмет тұтып калірлейді, жастарды солардан үлгі алуға шакырады. Тәрбиенің басында отбасы ұлкені ата мен әже яғни әүлеттің басты мүшелері болып саналған. Ата отбасындағы ең ардакты, құрметті тұлға. Ата мейірімі немерелеріне, шөберелеріне нұр болып құйылады. Ата үнемі немерелерінің денсаулығына ерекше көніл бөліп, қадағалап отырады. Баланың уақтылы тамактануы, іс-әрекет тәртібін сактауы, ойнауы, окуы, өнермен шұғылдануы атаның зерлеуінде болады. Әже әүлеттің аруанасы, аналардың анасы, балалардың панаы. Әлемде әже мейірімінен артық мейірім жок. Әже немере тәрбиесіне минут сайын көніл бөліп, көзінің карашығындағы кадірлеп қарайды. Қазақ тарихында Абай дананы тәрбиелеген Зере әжені, Шоканды жеткізген Айғаным әжейді Албан, Суан, Дулатты тәрбиелеген Домалақ ананы т.б білеміз. Олар дана. [5]

Өткен уақытка шолу жасалынды. Ал, енді қазіргі қазақ қоғамындағы дәстүрге келейік. Жахандану үрдісінің әсері ме екен? Әлде заман өзгерді дейміз бе? Батыс өңіріне кінә тағамыз ба? Әйтеуір, баланың ата-анаға деген көзқарасы өзгерді, бала ата-ананың тәрбиесінен аластанап, ата-ананы карттар үйіне өткізіп, «карттар үйіне» барып қоныс табу қалыпты жағдайға айналып бара жатыр. Осындай казақ халқы тарихында болмаған ауыр, әлі де болса шешімін таба алмай келе жаткан әлеуметтік мәселелер туындал жатыр. Мұндай мәселелер біздің елімізде ғана емес, шетелдерде де жиі кездеседі, бірақ «Қарты бар үйдің казынасы бар» деп дәріптейтін қазақ халқына өте жат нәрсе. Сонда, ұрпактар сабактастығы қалай жалғасын таппак? Қалай сакталмақ?

Мүмкін казіргі нарыктық заманда өмір сұру, қажеттілікті қанағаттандыру мәселелері ұрпактың тәрбиесін төмendetіп жіберді ме? Қазіргі жастардың көбі ұлкендердің сыйлау, жасы ұлкенге орын беру, бірбірімен ана тілінде сөйлесу, ұлттық мәдениетті бағалау, кастерлеу, кадірлеуге немкүрайлы қарал бара жатыр. Сол себепті де, бүгінгі ұрпакқа ізгілік, имандылық рухында тәрбие керек. А.С.Макаренко халықтық тәрбиенің рөлін жоғары бағалап, кеңес ғалымдарының ішінде алғашқылардың бірі болып, халықтық педагогикада таптық элементтердің анық көрінбейтіндігіне назар аударды. [2,896]

Отбасының қазақ халқының өмірінде алатын орны тіпті ерекше. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы мен әлемдік үдеріс ішінде өзінің тарихи орнын иемденуінде осы фактордың ерекше әсері болғанын атап көрсетуге болады. Мәселен, қазақ халқының отбасы тәрбиесіне қатысты педагогикалық идеялары мен тәрбиелік тәжірибелері өте бай. Отбасы-халықтың салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптарының сактаушысы. «Ат тұяғын тай басар» деп аға ұрпак келер ұрпактың ата салтын бұзбауын талап еткен. Мысалы отбасында жаңадан дүниеге сәби келгенде өнегелі ұлкендерге ұқсасын деп дарынды, өнерлі, ақылды ақсакалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызыады. «Ақылын, жасын берсін» деп жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Қазақ баласының тәрбиесі ата аналарының күнделікті іс-әрекеттері мен көшпелі тұрмыс қалпына байланысты болды. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп аға ұрпак пен келер ұрпактың бірдей тәрбиелеп отырған. Сол себепті де аға ұрпак пен келер ұрпак арасында сабактастық болды.

Қазактың ұлттық педагогикасының сарқылмас мол қазынасындағы бага жетпес байлыштардың бірі Әдеп тәрбиесі. Әдеп-белгілі бір халықтың әдет ғұрпында тұракталып, қалыптасқан этикалық тәртіп. Әдеп тәрбиесінің негізі отбасынан басталады. Отбасындағы әдеп тәлім-тәрбиесінің басты түрлеріне мыналар жатады:

- Әке мен ананың жеке тәрбиесі, үлгі-өнегесі;

- Ата мен әженің, отбасы мүшелерінің, көрші мен туыстың тәлім тәрбиесі;
- Ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер және т.б.

Казак отбасының ерекшелігі үш төрт ұрпактың (ата, әке, немере, шөбере) экономикалық және қандас туыстар мұддесі негізінде бір шаңырақ астында тіршілік етуі. Баланың анасы мен экесіне, атасы мен әжесіне, ага-інілеріне, апа-қарындастарына, достарына деген сүйіспеншілік сезімі, адамгершілік тәрбиесінің маңызды факторы.

Бала тәрбиесіне байланысты әр ата-ананың өзіндік ережесі калыптасып, ұрпактан-ұрпакқа ауызша заң тәрізді жалғасып отырган. Өз халқының әдеп ғұрпыны білу-ұлken мәдениеттілік. Адамның ұлттық мінезі әдет-ғұрыпты білу, сактау арқылы калыптасады. Ата-ана бір отбасының екі арнасы, бала-шағаның тірегі, сүйеніші. Ұрпактары үшін ата-әке, ана-шеше деп аталады. Ата, Әке, Бала бұл ұғымдар ұрпактар сабактастығының негізгі құрауыштары. Ұрпактар сабактастығында Атанаң рөлі қандай болса, Әкенің де рөлі орасан зор екенін жаксы білеміз, себебі Әке өткен ұрпак пен келер ұрпакты жалғастырып тұрган ұлken күш.

Ұлдың баласын «немере» дейді. Немере ата-әже үшін өте ыстық. Шөбере-немеренің баласы. Қарт адамдар үшін бұл ұрпактың орны мүлде баска. Шеберенің баласы шөпшек, шөпшектің баласы немене деп аталады. Өмірде әке мен ана катар аталады. Олардың қызметі-туған балалары үшін шексіз, өлшеусіз парыз. Бұдан біз қазак отбасында ата-аналардың, ұлкендердің бала мен жастарға үлгі көрсетуіне қойылар талап деңгейі әрдайым биік болғанын байқауға болады.

Демек, қоғамызыдағы ұрпактар сабактастығы әлеуметтік мәселе ретінде ғана емес мемлекеттік мәселе болуы шарт. Мақаламызыды корытындылай келе, әр казак баласы өзінің жеті атасын, шыққан тегін, ата-бабасын толыктай білуі өткеннен бүгінді, бүгінмен ертеді жалғайтын, ертеден калыптаскан ата-бабалардың тарихи мұрасын сактауы, отбасындағы, ата мен әжені үлгілі тұлға ретінде карауы, сонымен қатар атамыз немересіне күнделікті өсиет айтып, үлгі көрсетіп отырса, әжеміз ұлттық салт-дәстүрді кадірлеп, кастерлей білуді үйретіп жатса, ұрпактар сабактастығының сакталуы мен қарттар үйіндегі карт адамдарымыздың санының азауының кепілі деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1. Назарбаев Н. Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017 жыл, 12 сәуір.
2. Этнопедагогика\ Мұқанова Б, Ильясова Р. Астана қ, 2008ж
3. <http://rvs.su/novosti/2014/preemstvennost-pokoleniy-i-bezopasnost-strany- 08.09.2014ж>
4. Этнопедагогика: Окулық\В.С. Кукушин, С.Қалиев.-Алматы: РПБК «Дәуір» 2014ж.
5. Табылды Ә.Т. Тәрбие өрнектері. - Алматы: Мектеп, 1983.

Қадиша ШАЛҒЫНБАЕВА

Педагогика ғылымдарының профессоры

Айнұр СҮЛЕЙМЕН

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы 1 курс магистранты**



Кино және ТВ кафедрасы универіздің 20 жылдық мерейтойына документальді фильм түсіруде. Режиссер Алма Утекшова, қоюшы оператор Еркінбек Птыралиев.

Фотограф: Мнейхан Есенбек
«Операторлық өнер» мамандығы 1 курс



Танғы ой

Күздің коныржай күндері. Айналамды тар көше, тас кала қоршаган. Тоңып келем, катты тоңып келем неге екені белгісіз. Ех, қала, сенде неге жылулық жоқ!? Тас жолдағы темір тұлпарлар жүйткіп құлакқа тыным берер емес, төбеден түскен әлсін-әлсін күн сәулесін жол жиегіндегі ін талдар менен қызғанғандай көленкелеп тұр. Адымымды акырын-акырын басып аяңдал келем, ішімді өртеген сағыныш симай барады, қайтсін енді. Кейде, мұнда неге келгендігіме жауап таба алмай дал боламын, кейіннен каласан да, каламасан да өмір сені өз ағысымен алып кететіні есіме түскенде ішімнен тына қаламын.

Міне керемет, аяқ-асты жанбыр сіркіреп жауып барады, кала тұрғындары әр аялдама астына паналай қалды. Ал, мен болсам жол жиегінде жәйғана езу тартып тұрмын қуаныштан. Бұл мен үшін туган жерімнің жанбырындай сезілді. Айналадағы шудың барлығын жанбыр тырсылы басып кетті, неткен ғажан, неткен тыныштық! Дәл казір көктегі ұшақ қанатына асылып жүргегімнің аңсарына қарай зырласам деймін, бірақ қайдан...

Уақыт төрешімен тілдесе білсем күндерді артқа қайтарып туган ауылымдағы әрбір күнімнің қадірін білуші едім.

Алда мені не қүтеді? Сұрак көп, жауап жоқ. Адам қиялды жүйрік қой, шіркін! Бәрі біз ойлагандай бола берсе, мына бес күндік жалғанда не мән қалмак... Түсінікті әрине жердегі құмырсқадан бастап ең керемет жаратылыс адамзаттың өзі тағдырга бағынып күн кешіп жатқанда, мен кіммін қасында!?

Осылай ойланумен көк аспанға ұзақ қарап қалыптын. Устімдегі киімдерім жанбырдан малмандағы су болды, оған қапаланып тұрган мен жоқ.

Бар арман-қиялым туган жерімә ауып кеткен секілді. Сол кезде есіме сөмкемдегі сұлуымның суреті есіме тұсті, оны алып құлімдеген жүзінен қарап жүрісімді жалғастырдым. Ол суретте тағы менің артымнан жетіліп, маған қарап бой түзеп келе жатқан бауырларым, іні-қарындасым тұр!

Жұздеріндегі ыстық леп менің тұла бойымды елжіретіп барады. Білемін, олардың да мені қатты сағынып жүргендерін. Ал менің сағынышым қағаз бетінде көк сиямен көлбендең жатыр.

Алладан аңсарыма аман-есен жетуді жазсын деп тілеп жүрмін.

Жә, жарайды, сұық өтті, сезіп келем, менің өмірімнің екінші баспалдағы - өнер ордама кіргенім жөн болар. Бойымды жылытып, оқу-білімге зер салайын. Жауапты болайын, ер-азамат деген атым бар емес пе? Көрген-білгенімді көкейіме тоқу арқылы ет жақындарымды қуантарым ақиқат қой. Эзірше, колдан келері осы...

(қөніл күнделігінен 29.10.17, 9:32)

Жексенбай АМАНБЕК
«Дәстүрлі жыр» мамандығы 1 курс



Ұлы даланың ұланымын...



Ақпанның сегізінші жүлдезінде, өнер ордамыздың төрінде, Жамбыл Жабаев атындағы концерт залында казактың айтулы дәстүрі - "Ұлы даланың ұланымын" атты республикалық жастар айтысы үйімдастырылды. Республикамыздың түкпір-түкпірінен азулы жас ақындар жиналды. Оларға университетіміздің беделі де арқалы ақындары карсы тұрды. Айтыс тамашалайға келген көрермен карасы көп болды. Республикамыздың мәдениет кайраткерлері мен танымал тұлғалары да бой көрсетті. Басталғаннан аяқталғанға дейін ақындарға демеу берін отырды. Жалпы жеті жүпін он төрт ақын өз өнерлерін ортаға салды. Арка қоздырар отты сөздерімен халыктың дебесін қоздырып, зор кошеметтерге ие болды.




Қазак Ұлттық Өнер университетінің атынан Д.Ысқақ, А.Керімбек, С.Әділбек, Б.Шымат, С.Таубалды, А.Ниязбек, Р.Дөнбай атты ақындар шыкты. Қарсы тұрган Н.Кайрат, Ж.Шахмардан, Н.Әнәпия, С.Бейсенбеков, М.Қонқаев, Ә.Жақсылық, Б.Ержігіт сыңды сөз өнерінің жілігін шағып, майын ішкен айтыскер ақындар. Жұптар бір-бірін қалжың сөзбен түйреп, көрермен қауымды қыран-топан күлкіге карық қылды. Айтыстың бас жүлдесін Шымкент шаһарынан келген айтыскер Н.Әнәпия иеленді. Катысушыларға түтелдей дерлік сый-сияпта табыс етілді.

Мұхтар ӘМИРТАЙ
«Кинотеледраматургия» мамандығы
1 курс



Әкеден баланың ойы неге өзге?



28

Абайдың «көп әке баласы жас кезінде басынан құс ұшырмай пәрмәнә болып жүріп, есейгенде сұық тартатыны қалай?» – деген мазмұндағы сөзі бар. Рас, мұнысы несі еken? Шама-шарқымызыша осыған біз де бір ой жүгіртіп көрелік. Хакімнің бізге қалдырған сауалы шығар.

Біз айтпақ болып отырған әке мен бала ортасындағы диалогтың көбі былай болады:

- Сен бардың ба әлгі жерге?
- Иә, бардым.
- Не қылып жатыр еken?
- Не қылуышы еді, жатыр баяғы.
- Жоқ енді айтсайшы, не істеп жатыр?
- Айтатын несі бар, жүр де ел қатарлы.
- Ім ім...

Болды. Осыдан ұзамайды. Бір-бірінің кекірегіне ендірмей кері теуіп тұрған бір нәрсе бар. Екеуі де жене алмайды. Махаббатқа салып әке бұзғысы келеді, ақылға салып бала бұзғысы келеді, бұза алмайды. Аса бір тәуекелмен әлгі пердені біреуі бұзса да, кекірек кеңістігінде екеуінің жолдары қыиспай, бір-бірінің қеудесінен тұрақ таба алмай, қашып шығады. Неге?

Ақылман Абайға қайта соғалықшы. Ол кісі балаларымен өте етene болған. Әсіреле, Әбдірахманының ішкі сыр-сипатын ішек қырындысына дейін біліп, таңданып, риза болады. Асырып сөз айтпайтын Абайдың бір мақтанғаны осы Әбдірахманы шығар. Орталарында таусылмайтын сырлар жатыпты. Кейде әңгімелері күннің батысы, таңның атысына қарамай жалғасады еken. Ал, Мағашымен арадағы сүйіспеншілігі тіпті ерекше. Мағаш бір жаққа шықса «әкем сағынып қалады» деп үш күннен асырмай қайтып оралады еken. Шынымен Мағаш үш күннен кешіксе, жарықтық Абай: «Мені Мағаш бұлай зарықтырмауы керек еді» деп, аттылы жолаушының бәрінен үміттеніп, төбе басынан түспей отырып алады дейді. Бұл баласымен де күндіз-түні әңгімелері бітпейді еken. Мұның сыры неде?

Алдымен мынаған тоқталайық. Біз сөз етіп отырған келенсіз жағдайдың түпкі себебі не? Неге әкеден бала ойы өзге болады?

Бұл «заманы басқаның» кесірінен еken. Әкенің жүрген жолы мен баланың жүрген жолының екі басқа болғандығынан еken. Әке көрген салт балаға келгенде басқаша болып өзгеріп

кеткендігінен еken. Экенің кезіндегі құндылықтар баланың дәүіріне келгенде түкке жарамай қалатындығынан болса керек. Оны қорғаштаған әке ескіліктің жоқтаушысы, жаратпаган бала жаңалықтың жақтаушысы болып жолдары еki айырыла кетеді еken. Тіпті екеуіне де ортак бір дәстүр уақытқа байланысты өзгешеленіп кететіндігінен сияқты. Енді екеуінің ойы қалай түйіссін, пікірлері қалай бір жерден шығып, әрекеттері қайдан ұксасын?

Жә, сонда Абай заманы мен Мағаштың уақытында бұндай өзгерістер болмады ма? Өзінен-өзі сұрап туды. Әрі өте орынды сұрап. Әрине, болды. Оны алдымен Абайдың өзі айтты. Айтқанда да, біз құсап бұраландатпай, тайға басқан таңбадай бадырайтып тұрып, ақиқатымен айтты. «Заман соққан жел...» «Алла өзгермес, адамдар күнде өзгерер...» Немесе: «Бір Алладан басқаның бәрі өзгермек» деді. Сөйтті де, мәңгі өзгермес Құранға жүтінді. Ал Құранда адами өмір сұрудің уақытқа тәуелсіз ортак өлшемі бекітілген. Абай соны іздеді. Тапты да. Сөйтсе, Құнанбайга парыз етілген намаз, бір үтірі өзгермesten Абайға да міндет етіліпті. Абайға парыз болған ораза Әbdірахман мен Мағашқа да айнымаған қалпында жүктеліпті. Енді «заманы басқа» болса да Құнанбай мен Абайдың, Абай мен Әbdірахманның ойлары бір нүктеде тоғысып, өздері бір әрекетті қайталамағанда қайтпек?! Енді олардың қайғы-мұны да, қуаныш-жұбанышы да ортак болмай қайтсін? Енді олардың бірінің істеген ісі біріне түсінікті болады. Экесі топ алдында өзін ғайбаттан тынып сөйлеп отыргандығынын себебін баласы біліп отырады. Баласының басқалармен қарым-қатынасының өзгелер байқай бермейтін кейбір тұстарын экесі аңғарып, себебін ол да іштей түйіп отырады. Өйткені, сауап қандай істен, күнә неңдей әрекеттен болатыны жайында екеуі ортак ұғымда. Бір-біріне деген махаббаты жүректерінің терең түкпірінен тамыр тартады. Бірін-бірі рухани толықтыруыш деуге болады. Бұл бір ғана Абай емес, мұсылманилықтың мағынасын шын түсініп, берік ұстанған әрбір қазақтың басында болған жай. Әрі бұл махаббат ана мен баланың, аға мен інінің, әпкес мен қарындастың бәріне ортак. Біз түсінікке женіл болмағы үшін Абай мен балаларын алға тартып айттық.

Сөйтін, белінен шыққан экемен, құрсағында жаралған анамен, бір кіндіктен өрген аға-іні, әпкес-қарындаспен рухани достық орната алмай, әрқайсымыз бір жалғыз болып, бір ғана келетін қамшының сабындағы қысқа ғұмырды жұмбақ қылып өткізеді екенбіз. Әке – баланы, бала – ананы, аға – іні-қарындасты, іні – аға-әпкені жүрек түкпіріндегі туыстық махаббатпен қандыра алмай кезек-кезегімен қара жерге сіңе береді, сіңе береді екен... Бірін-бірі жер қойнына тапсырып тұрганда тірісінде оған жеткізе алмаған, қалай жеткізудің мәнін білмеген махаббат енді өкінішке айналмақ. Өзің көрге кіргенше көкірегінде шемен болып қатып, шер болып байланып жүрмек.

Алла тағала Исламды адамның екі дүниедегі бақыты үшін жіберді. Бәріне бірдей жарайтын, өзгермейтін һәм махаббатқа бөлейтін ортак суат, мәңгілік құндылық осы. Лә илләһа иллә Алла деп кәлимаға тіл келтірген әр қазақ, соны ақылмен түсініп, жүрекпен бекітсе, бір-біріне махаббат қылмаққа керек! Сонда ғана экенің ойы балаға жарамды болмақ! Сейтіп, әлмисақтан мұсылман болған ата-баба тағылымына да тамыр жібере аламыз.

**Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ
«Өнертану» кафедрасының
окытушысы**







Суретке түсірген Талғат ТАЙШАНОВ
"Кино және ГД" кафедрасының мемлекетшісі

Лондон



32

уақыт жақындаған секілді. Шалбарымның оң қалтасына қолымды салсам, тесік екен. 1 миллион теңгем сол тесіктен түсіп қалғандай, бұлданып коямын, негізі оның жыртылғалы қай заман? Ал, сол жак қалтама қолымды салсам 50 доллар умаждалып жатыр екен. Тамактану керек дегендей асқазаным да сол мезетте қор-қор ете қалды, айналама қарасам қызу сауда жүргіп жатыр. Асқазанның қызметін орындаамасам болмас енді. Ооо, міне бургерлер тізіліп тұр. Эх, көбірек алса екен деп асқазанда дыбысын үдете түсті. Ал, енді сатушысы қайда екен деп, жан-жағыма кез жүгірте бастадым. Бір уақытта «Hello!» - деп, қыпша белді, бұйра шашты, көзі қара түсті, әсем құлкісі сыңғырладап, тістері тұра маржандай, ал еріндерін тіпті айтып та, жазып та жеткізе алмаспын, сірә. Құдды «Мені сүйші...» дегендей балбырап тұр. Қызыл еріндері күбірлеп сейлеп жатыр, оның не сөйлеп жатқанын түсінбедім. Бірақ ерінің қимылына қарап қазақшага аударсам, Мені сүйетінін және менсіз өмір сүре алмайтынын айтып жатыр шамасы. Эх, мені махаббатым дәл Лондонда кездеседі деп кім ойлаган? Бейтаныс махаббатым маган әдемі мөлдір кезімен «неге тұрсың, жақындасаның» дегендей үзіле карайды. Егер бұл мүмкіндікten қазір айрылсаң, бұл сәт қайта оралмайды дегендей жүрегім әлдебір нәрсені сездіреді. Жұдышықтай жүрегім дүрсілдеп барады, тынысым да тарылып бара жатқандай. Мұндай түсініксіз күйге түсуім бірінші рет. Жарайды, жарайды деп бар күшімді жинап, ынғайлы сәтті пайдаланып мойнынан ұстап өзіме карай тартып, су ішпегеніне 1 ай болған бұзаудай жабыса бергенімде, бетімнен шапалакпен тарс еткізді... Бетім шымырлап коя берді, ештеңені түсінер емеспін. Көзімді ашсам қарындасты Айжан. «Сағат 8:30 болды, оят деп едің гой» деп, бетіме қарап тұр. Тфу, барлығы алдамшы тұс болғанымса сонда, эй ол қызды сүйіп те үлгермедім гой, мына қарындастымды-ай, адамның махаббатына араласып. Бірақ, өзімнен де тағы кінә бар. 8:30 емес 9:00 да деуім керек еді. Ең болмаса сүйіп үлгерер ем. Міне, осылай қиял махаббатым аяқсыз қалды. Неткен сұлу қыз еді. Тіпті есімін де сұрап үлгермедім гой. Файыптан тайып, әсем кала Лондонға жолым түсіп жатса міндетті тұрде сол бейтаныс қызды іздел табамын.

Эх, Лондон Лондон...

Руслан АЛИШЕВ
«Драма театр актері» мамандығы 1 курс

ЖАСАМПАЗ ЖОБАНЫҢ ЖАРҚЫН ҚАДАМДАРЫ

«Шабыт» шығармашылық орталығы - Қазак ұлттық өнер университетінің 2 курс студенті Өтебай Эльдар Ерланұлының жобасы.



Әзінің білім алып жүрген «Арт-менеджмент» мамандығы бойынша кәсіби тәжірибе жинау максатында, және көптеген авторлық арт-жобаларын жүзеге асыруға кажетті материалдық-техникалық базасын қалыптастыру үшін кәсінкерлікпен айналысып шағын бизнесін қыр-сырын менгеруде. Аталған орталықта балалар мен жасөспірмдерге арналған түрлі бағыттарғы жобалар жүзеге асырылып жатыр. Оның бірі – 2017 жылдың қыркүйек айында ашылған «Шабыт» өнер мектебі.

1. «Шабыт» өнер мектебі – менің алғашкы жобаларымның бірі.

Бұл жобаның басты максаты - студенттерге өз мамандықтары бойынша сабактан тыс уақытта еңбек етіп табыс табуларына мүмкіндік беретін жұмыс орындарын ашу және болашак мамандарға ұстаздық тәжірибе жинауларына қолайлы жағдайлар жасау болатын.



Қазіргі таңда біздің мектепте Қазак ұлттық өнер университетінің 20 студенті еңбек етіп келеді. Менің студент-ұстаздарға қоятың басты талабым – әр сабакты оқушыларға деген ыстық ықылас пен шынайы көнілмен өткізу және балалардың қызығушылығы мен жеке қасиеттеріне үлкен назар аудару.

«Шабыт» өнер мектебінде ұстаздық ету – студент мұғалімдердің тынысын ашып, жаңаша ізденуге мол мүмкіндіктер беріп жатыр.



2. Мен балаларды жақсы көремін. Болашакта ұстаздық жолды таңдаймын деп шештім. Әзімің алған кәсіби білімімді кішкентай өнерпаздармен бөлісу мені қуантады. Менің миссиям – өнерге талабы бар балаларға жол сілтеп, кәсіби бағыт-бағдар беру, өнер жолындағы қадамдарына құлышыныс сыйлау.



3. Студент бола отырып, жұмыс табу – оңай емес. Еңбек нарығында жұмыс берушілер дипломсыз маманды алуға қызығушылық танытпайды. Алайда мен үшін бұл жағдайдан шығудың жолы түсті. «Шабыт» орталығы студенттерге еңбекке араласып, табыс табуға мүмкіндік беріп отыр.



4. Менің максатым – ұлттық мәдениетімізге үлес косу. Балаларды ұлттық өнерге үйрету арқылы, олардың қалыптасуына көмектескім келеді. Үйретіп жүрмін әрі өзім де үйреніп жүрмін. Домбыраны тек музикалық аспап ретінде емес, оны ұлттың байлығы, тарихы екенін жас өнерпазға түсіндірсем деймін. Менің сабагым – музикалық біліммен қатар ұлттық тәрбие берудің үлгісі болса деген ниетім бар.



5. Мен үшін ең басты құндылықтардың бірі – еңбек ету. Адамның өмірдегі жетістігі, жоғары мәртебеге қол жеткізуі тек еңбекпен келетін жақсы түсінем. Ол үшін үлкен максаттар, накты қадамдар керек. Мен еңбек жолыма арналған алғашкы қадамды – «Шабыт шығармашылық орталығынан» бастадым.

6. Біз жастар жұмысты мемлекетten күтпей, әр салада өз бетімізben ізденіп, әрекет ету қажет деп есептеймін. Менің «Шабыт» шығармашылық орталығындағы жұмысым болашакта қындықсыз қоғамдық еңбекке араласуға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Себебі университетте алып жатқан музикалық білімімді тәжірибе арқылы шындал жатырмын. Балаларға өнер үйретуде өзімнің потенциалымды толық қолданып жүрмін.

7. Адамның жүргегін, жан-дүниесін нұрландыратын дүние – музика. Мен балаларға тек аспапта ойнауды ғана емес, өнерді сүюді, музика арқылы әлемді, өзін-өзі тануға үйреткім келеді. Осы жолда ізденіп келемін. Еңбек жолымды ерте бастағаным қуанамын. Маман, тұлға ретінде қалыптасуыма қазірден қадам жасадым. Себебі жылдам дамып жатқан қоғамда мен үшін уақыт қымбат.


8. Қазіргі кезде халықтың талғамы өсті. Көшілік кәсіби әншілерді тындал, бағалап жүр. Оларға деген сұраныс артып келеді. Сол себепті өнерпаздарға ән айту өнерін кәсіби деңгейде үйретіп, оларды кәсіби шындау қажет деп санаймын. Осы жолда аянбай еңбек етуді өзіме максат етіп койдым.



Кітап кімге керек

Адамдар екіге бөлінеді: кітап оқитындар және кітап оқитындарды тыңдайтындар. Ал, сіз кайсына жатасыз? Кітап өкігеннан жапа шеккен адам жок. Білім – дүниенің кілті. Адамзат үрпағының казіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тарткан. Бүтіннен бастап сіз колға кітап ұстауды әдетке айналдырысаныз, уақыт ете келе миыныз берін жандүниеніз окуды өзі қалап тұрары хак! Студенттер, "Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге" - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асырайык. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алтынымызды ұмыттайык.


Құлактандыру: Кітапхана коры осы айда У.Шекспирдің «Гамлет», «Әлем театр тарихы», «Казактың домбыра өнері», А.Юсев «Кино политика» және «Театрга тәгзым» атты көп кездесе бермейтін кітаптармен толыкты.



34



**ӘЛЕМ
ТЕАТРЫНЫҢ
ТАРИХЫ**



«Ұшқын» студенттік фильмдер фестивалі

Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаеваның колдауымен және «Театр, кино және ТД» факультетінің факультетінің ұйымдастырыммен тұнғыш рет өткізілген «Ұшқын» студенттік фильмдер фестивалі өз жұмысын аяктады. Фестиваль күндері біраз иғі шаралар атқарылды. Солардың бірі – фестивальдің алғашкы күні Шәкен Айманов атындағы тамаша кинозал ашылды. Бұл зал бұдан bylай университетте өтетін киноға қатысты барлық іс-шаралардың басты аланына айналмақ. «Ұшқын» фестивалінің конкурсстық, конкурстан тыс бағдарламаларына қатысқан фильмдер осы залда көрсетілді, тұнғыш женімпаздары осы залда марарапатталды. Сөйтіш, «Ұшқынның» алғашкы қадамы кинозалдың ашылып, оған Шәкен Айманов есімінің берілуімен басталды. Осындай шаралардың бір күнде, бір жерде тоғысуын жақсылықта жорыды.



Тағы бір жағымды жаңалық – кино түсіретін оку павильондарына казак киносының белгілі операторлары Асхат Ашрапов пен Болат Сүлеевтің есімдері берілді. Бұл да жастарымызды казак киносының тарихында тамаша фильмдер калдырган кинематографистерімізді ұмытпай, ардакта жүрге тәрбиелейтін ігі іс болды.

Фестивальдің конкурсстық бағдарламасына университеттің «Кино және ТД» кафедрасының студенттері түсірген көркемсуретті, деректі, анимациялық, телевизиялық фильмдер қатысты. Жалпы, 70-тен астам фильм тапсырылған екен. Соның елуге жуығы конкурстық бағдарламада көрсетілді. Әрбір фестивальдің топ жарып шығатын өзінің бір фильмдері болады. Фестиваль сонысымен де маңызды. Сол секілді, «Ұшқында» да дәл сондай бес-алты фильмнің күесі болдық Біздіңше, бұл жақсы көрсеткіш. Тіпті, назарымызды аударткан жұмыстар бұдан да көбірек болды. Алайда, Қазылар алқасы мен көрермен тараپынан бірауыздан ете жақсы деп бағаланған «Самал» көркем фильмі (реж.

Шұғыла Сержан; Ерлан Нұрмұхамбетовтің шеберханасы), «Қасапшының бір күні» (реж. Нұрсұлтан Нұсқабеков; Ерлан Нұрмұхамбетовтің шеберханасы), «Мен кіммін?» (реж. Арман Қайыржан; Әнуар Райбаевтың шеберханасы) деректі фильмдері және «Таң атты», «Достық көпір» (реж. Сұлтан Қыдырбаев; Жәнібек Нұрбектің шеберханасы) атты анимациялық фильмдері шынында да байқауға қатысқан жұмыстардың көшін бастады.

Алғашқы үш фильмнің тақырыбы мен идеясы үндес. Үш фильмнің де кейіпкерлерінің рухани тамыры өзінің отбасымен, ата-ана, бауырмен, туған үйімен байланысып жатыр. Ұзак уақыт хабарсыз кеткен Самалдың жүйке ауруына шалдықкан анасына, анасына қарайлай жүріп, не оқып, не жұмыс істей алмаған ағасына, туған үйіне оралуы («Самал»), жиырма жылдай туған үйіне ат ізін салмай кеткен ұлын күтіп жүрген, үмітін ұзбекен еке («Қасапшының бір күні»), отбасылық бейнежазбалар, фотосуреттер арқылы берілген жылулық, мейірім есіп тұрған бір отбасының тарихы («Мен кіммін?») қазак киносында ұзақ жылдар бойы жалғасып келе жатқан күйрекен отбасы бейнесіне жаңа леп әкелгендей көрінді. Жастардың айтуынша, қандай жағдай болмасын, адам өз отбасымен бірге болуы керек, өйткені ол – сенің рухани тамырын. Ал ол тамырдан айырылғаның – өзінен айырылғаның дейді. Бұған дейін де бұл тақырып Серік Апрымовтың «Бауыр», «Әкеге қоңырау шалу» атты фильмдерінде ұсынылған болатын. Және оның жас авторлардың да жұмыстарында пайда болғаны куантты. Жастардың киносы үмітке толы. Самал айықпас дертке шалдықкан анасынан, шарасыз ағасынан, жылуы жоқ,

берекесі кеткен туған үйінен канша қашса да, бәрібір оған қайта оралады. Самал – бейнебір казак киносы кейіпкерлерінің бір кездері тастан кеткен туған үйіне, жеріне, отбасына қайта оралуының символындаі көрінді. Тағы бір кейіпкер («Қасапшының бір күні») тіпті өзі өмірден өтіп кетсе де, ұлының әйтеуір бір туған үйіне оралатынына, ағайын-туысын табатынына сенімді. «Басқаша болуы мүмкін емес» дейді.

Ал енді «Мен кіммін?» фильмі үйлесімді отбасының моделін ұсынады. Бас кейіпкерлері – режиссердің өзі, ата-анасы, бауырлары. Отбасылық бейнекөріністер архивінен құралған фильмде ғажап бір жылулық бар. Ата-анасы бірін бірі қалай сыйласа, құрметтесе, балаларының да арасында сондай бір бауырмалдық, жылы ара-катаңас сезіледі. Бұл отбасында ең бастысы бір-біріне деген сүйіспеншілік бар. Осы фильмде «Самал» мен «Қасапшыда» басталған тақырыптың соңғы нұктесі койылған сиякты. Яғни, қандай жағдайда болмасын, отбасы бірге болуы керек. Біздіңше, бұл – дәл қазір ен қажет әрі ете маңызды тақырып. Шынын айту керек, құйреу, шарасыздық, жабығу, торығу секілді сезімдерге тұнып тұрған фильмдерден шаршаган секілдіміз. Бізге қазір үміт, сенім беретін фильмдер қажет (өнердің де мақсаты осы емес пе). Біз үшін жоғарыдағы үш фильм осындаі жұмыстардың катарынан болды.

Сондай-ақ, болашакта анимациялық киноға келетін талантты жастардың өсіп келе жатқанына қуандық. Отken жылы осы университеттің «Анимациялық кино режиссурасы» бөлімінің студенті



Мейіржан Сандыбайдың «Ит» атты фильмі «Еуразия» кинофестивалінің Гран-при жүлдесін иеленген болатын. Осы бөлімнің тағы бір студенті Сұлтан Қыдырбаевтың «Таң атты» фильмі биылғы «Ұшқын» фестивалінің «Ұздік анимациялық фильм» атальымының жеңімпазы атанды.

Сонымен, «Ұшқын» фестивалі ертең үлкен киноға келетін біраз талантты жастардың бар екенін аныктады. Олардың барлығы фестивальдің негізгі жүлделерімен, басқа да ұжымдардың арнағы жүлделерімен марапатталды. Атап айтканда, кейіпкерлерінің ішкі құрделі психологиялық ірімдерін тамаша жеткізе алған «Самал» фильмі «Ұздік көркемсуретті фильм», «Ұздік сценарий», «Ұздік әйел адам рөлі үшін» жүлделерімен, «Ұздік фильм» атальымындағы Бауыржан Нөгербек атындағы киносыншылар жүлдесімен, «Восьмерка.кз» сайтының арнағы жүлдесімен, т.б. марапатталды.

«Қасапшының бір құні», «Мен кіммін?» фильмдері «Ұздік деректі фильм» жүлдесіне лайық деп танылды. Одан білек «Мен кіммін?» – Астана фильм академиясының, «Қасапшының бір құні» – Ораз Эбішев атындағы кордың арнағы жүлделерін иеленді.

«Ұздік режиссура» атальымы бойынша «Мен кіммін?» фильмі (реж. Марғұлан Жұнісбек; Энуар Райбаевтың шеберханасы) жеңімпаз атанды.

Ал енді «Ұздік операторлық жұмыс» атальымына лайық деген фильмдердің саны көптеу болды. Бірак жақсы деген жұмыстардың барлығы болмаса да, біразы атальып етті. «Ұздік операторлық жұмыс» атальымы бойынша «Таңдау» фильмінің операторы Камила Макат (Әубәкір Сүлеевтің шеберханасы), «Трансрефсервис» компаниясының арнағы жүлдесімен «Жүк» фильмінің операторы Айdos Тұртаев (Талғат Тайшановтың шеберханасы), Болат Сүлеев атындағы арнағы жүлдемен «Күзгі кеңілсіздік» фильмінің операторы Досхан Уахитов (Талғат Тайшановтың шеберханасы) марапатталды.

«Ұздік ер адам рөлі», «Ұздік әйел адам рөлі» атальымдарындағы жүлделермен Нұргазы Жұмабай («Айналым»), Жанель Аликова («Самал») және «Ұздік дыбыс» атальымы бойынша Нұрдәulet Ергаев («Таза махаббат») марапатталды.

Қазылар алқасының негізгі құрамынан білек студенттерден құралған Қазылар алқасы, «Восьмерка.кз» сайты да өз жүлдеғерлерін марапаттады.

Назира МҰҚЫШЕВА
Өнертану кандидаты,
«Өнертану» кафедрасының профессоры

37





В Астане завершился Первый фестиваль студенческого кино «Ұшқын» (Искра), 22-24 февраля 2018 г. КазНУИ Предлагаем Вашему вниманию полный список победителей

- 1. Лучший игровой фильм** - фильм "Самал". Режиссер Шуғыла Сержан, студентка специализации «Режиссура игрового кино» 2 курс. Мастерская доцента Ерлана Нурмухамбетова.

- 2. Лучшая режиссерская работа** – “Кто Я?” режиссер фильма Жунисбек Маргулан. Специализации «Режиссура неигрового кино» 1 курс. Мастерская доцента Ануара Райбаева.

- 3. Лучший анимационный фильм** – “ Таң атты”. Қыдырбаев Сұлтан студент специализации «Режиссура анимационного кино 5 курс. Мастерская Жанибек Оразалы.

- 4. Лучшая телевизионная программа** – “Пробуждение”. Режиссер фильма Анар Мергенбаева специализации «Режиссура ТВ» 5 курс. Мастерская доцента Алмы Утекешевой.

- 5. Лучшая звукорежиссура** – “Чистая любовь”. Звукорежиссер фильма Ертаев Нурдаulet. Студент специализации «Звукорежиссура кино и ТВ», 2 курс. Мастерская Сергей Тен

- 6. Лучшая операторская работа** – “Тандай” Макат Камила –студентка специальности «Операторское искусство» 2 курс. Мастерская профессора Аубакира Сулеева.

- 7. Лучшая женская роль** - Жанеля Аликова за фильм "Самал". (Режиссер Шуғыла Сержан, студентка специализации «Режиссура игрового кино» 2 курс. Мастерская доцента Ерлана Нурмухамбетова.)

- 8. Лучшая мужская роль** – Нургазы Жумабай за фильм "Айналым" (режиссер фильма Шаубанов Еламан специализация «Режиссура продюсирования кино и ТВ», Мастерская Тауекел С.Т.), Мастерская доцента Кымбат Тлеуовой кафедра «Актерского искусства и режиссуры», специальность «Актер драматического театра и кино», 3 курс.

- 9. Лучший документальный фильм** - “Кто Я?”. Режиссер Кайржан Арман специализации Режиссура неигрового кино 2 курс. Мастерская доцента Ануара Райбаева.

- 10. Лучший документальный фильм** – “Касапшының бір күні” Нұскабеков Нұрсултан. Специализации «Режиссура игрового кино» 4 курс. Мастерская доцента Ерлана Нурмухамбетова.

«Ес-аймақта» елге танымал артистер



«Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің кезекті қонақтары:

Қазақстан Республикасының қайраткерлері Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актрисасы Алтынай Нөгербек және Астана Жастар театрының актері Әділ Ахметов.



39



Өзгеріс

Бізді шын мәнінде сүйген адамдар қысым жасап, талап етін, ақыл айтып, бақай есепке тіреп қойып өзгертпейді. Олар бізді сүйгендіктен бар болмысымызбен кабылдайды. Бір караганға еш сәйкеспейтін екі дүниені иіп әкеп ортак арнаға тоғыстырады. Біріншіден, олар кесір қылығымызбен өзімізге де, айналамызға да қайғы сыйлайтынымызды көрсетеді. Екіншіден, біз қандай болсақ, сол қүйінше кабылдайды. Біз оларға осы қисық-қыңыр қалпымызда да қымбат екенімізді сезінеміз. Осыны сезу миллион мотивациядан артық. Өз осалдығыңды женуге талпынасын, құлшынасын. Өзгелер сен туралы нашар ойлап қалады-ау деген коркынышыңды да женін шығасын. Сол әдеттік жалған намысты жок қылыш, өзгере бастайсын.

Мені шын сүйген жанның бәріне алғыс айткым келеді! Мені жақсы көретін адамдардың барлығына ракмет! Ілтипатыма мейлінше қарық болса да, мен кабылдай алмаған адамдардың бәрінен кешірім сұраймын! Кейде солай болады екен. Бәріміз де уақыты келгенде есейеміз, бәріміз де түбі өзгереміз.

Аударған Шынар Әбілдә





Рамазан ТҰРМАҒАМБЕТ
“Домбыра” мамандығы 4-курс

Уа, табиғат мен саған ұқсан барам,
Ұқсан барам, тауындаі сыр сактаған.
Сен жел болып толқысан қөз алдымда,
Ерке кезім еліш келет бір сәт маған.

Уа Жер-Ана, мен көрген құйын шаңын,
Бір ұшын тарту қылышы киын жанның.
Колына, тілі ашы кейде балдай,
Алғанына шүкірсіз сыйындан мың.

Уа, сұлулық шарапсыз мас қылатын,
Кейде ғұл, кейде ойды тас қылатын.
Саған сырды ашуға қысылмаймын,
Арсыздық жоқ жанаарды жас қылатын.

Уа, тазалық жүректі аялаған,
Ғашық жанның көзіне саялаған.
Сені сүймей жүргенді аяп келем,
Өз өздерін соншалық аямаған.

Үстазсың сен сәт сайын ұқтыратын,
Өмір шам деп жанатын сап тынатын.
Бұлтармен кара жерге жылап кірген
Бір күні қу жанынды ап тынатын.

Уа, табиғат мен саған ұқсан барам,
Ұқсан барам тауындаі сыр сактаған.
Өзінді көргің келсе құбылмалы,
Қарап өткін жарығым бір сәт маған.

